

● ПАТРИОТТАР ФОРУМЫ

Кеше Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Мәңгілік ел болашағы – біртұтас ұлт» атты облыстық патриоттар форумы өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараға облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы қатысты.

Бүгінде Патриоттар форумы жыл сайын өткізілетін дәстүрлі жиынға айналды. «Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегін айтылмаса керек. Өйткені, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Бүгінде біздің санамызда отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар болып қалыптасты. Сондықтан әрбір қазақстандық өзінің жетістіктерін туған Отанына, еліне арнауы керек. Сонда отаншылдық сезімі бар азамат елдің мерейін тасытып, беделі артады. Отан патриоттар форумында марапат биігіне көтерілген жерлестеріміздің ерлігі дәлел.

Форумның ашылу салтанатында сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы: – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Патриот болу – елді жүрегінде ұстау. Ол – перзенттік парызымыз, азаматтық міндетіміз» – деген еді. Саналы азаматқа үлкен ой салар отаншылдық сезімі жауапты азаматқа жүктелер сын. Әлбетте, бұндай қасиет өздігінен дарымайды. Ол тәрбие арқылы беріледі. Еліне жанашыр азамат қашанда мемлекетінің патриоты бола алады. Туған еліне қалтқысыз еңбек етіп, отаншылдыққа сай болуымыз

ОТАН ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ



бабалар алдындағы парызымыз. Парасатты отаншылдық бүгінгі жастарымыздың басты міндеті. Отанына адал, сөзге берік, іске бейім патриоттарымыздың бүгінгі форумына облыс әкімшілігі атынан сәттілік тілеймін, – деді.



Шара барысында Рауан Кенжеханұлы «Қоғамға қызмет», «Бейбіт күннің батыры», «Қамқорлық», «Жүрек жылуы», «Шығармашылық жеңіс», «Кәсібінің үздігі», «Үздік спортшы», «Ұлағат», «Ұшқыр қалам», «Қажырлы қайрат», «Жігерлі жас»,

«Патриот» номинациялары бойынша түрлі сала үздіктерін марапаттап, оларға абырой биігіне шыға берулеріне тілектестік білдірді. Форум соңы өнерпаздардың концертіне ұласты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● БРИФИНГ

Алдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын төлеу жүйесіне жаңа тәсіл енгізіледі. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облыстық департаментінің басқарма басшысы Берікбол Байқожаев баяндап берді.

ЖАЛАҚЫҢЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай енді жаңа жылдан мемлекеттік қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі жаңа факторлы-балдық шкала тәсілімен жүргізілмек. Бұл тәсіл мемлекеттік қызметкерлерге еңбегіне сай әділ жалақы алуына мүмкіндік береді. Өйткені, қазір бір деңгейде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілер жұмыс көлемінің әртүрлі болғанына қарамастан бірдей жалақы алады.

Бұндай тәсіл бірнеше алдыңғы қатардағы елдерде (АҚШ, Ұлыбритания, Жапония) және халықаралық ұйымдарда (мысалы, Дүниежүзілік банк) енгізілген және лауазымдарды сегіз ықпал бойынша нақтылайды. Атап айтқанда, қызметкерлерді басқару, жауапкершілік, дербестілік, жұмыс өтілі, арнайы білім деңгейі, байланыс деңгейі, жұмыс ауырлығы мен қабылдаған шешімдерінің нәтижесі. Аталған шкалада лауазым иерархиясын ғана емес, нақты бір қызметшіге салынып отырған міндеттердің маңыздылығы, жұмыстың жауапкершілігі мен оның нақты көлемі ескерілетін болады. Нәтижесінде, бір санаттағы қызметтерге әртүрлі жалақы төленуі мүмкін. Мысалға, бірдей мәртебедегі басқарма басшылары әртүрлі жалақы алады. Сондай-ақ қызметшілерге мотивациялаудың бір шарасы болып жұмыс нәтижелілігіне қарап қосымша сыйақы және үстемақы беру болып табылады.

“Б” корпусы қызметшілерінің жұмыс сапасы жылдық жеке жоспардың орындалуы негізінде бағаланатын болады. Бұл бағалаудың қорытындысы қосымша сыйақы беруге негіз болады. Бұл үшін міндетті түрдегі саралау тәсілі, яғни бағалау қорытындысына байланысты топтарға бөлінген қызметшілердің тізімін жасау қолданылатын болады. Бағалау қорытындысы бойынша қызметшілер 4 топқа бөлінеді: өте жақсы (10 %-ға дейінгі), жоғары (35-45 %), қанағаттандырылдық (40-50 %) және қанағаттандырылғысыз (5% дейінгі) нәтижеге жеткендер.

Бірінші екі санаттағы қызметшілер қосымша сыйақы алады. Сонымен бірге оның мөлшері екінші топқа қарағанда бірінші топ үшін жоғарырақ болады. “Қанағаттандырылдық” және “қанағаттандырылғысыз” нәтижедегі қызметкерлерге құзыретін дамыту туралы жеке жоспарлар құрастырылады. Соңғы топ үшін қызметінен төмендету (бос орын болған жағдайда) немесе босатылуы мүмкін.

Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік қызметшінің білімі мен тәжірибесін үнемі жетілдіре отырып, алға қарай ұмтылуына, сонымен бірге, мемлекеттік лауазымдағы қызметінің тиімділігін арттыруына ықпал етері сөзсіз.

Брифинг барысында басқарма басшысы Берікбол Байқожаев баспасөз өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

● СЕМИНАР-КЕҢЕС

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ АЛДЫНДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ТҰР

Сыр елінде Біріккен Ұлттар Ұйымы, ҚР Ұлттық экономика министрлігі және Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен «Экономикалық, әлеуметтік және қоршаған ортаны қорғауда инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы Қызылорда облысы тұрғындарының, оның ішінде осал топтар өкілдерінің әл-ауқаты мен өмір сапасын жақсарту» бірлескен бағдарламасы жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Кеше облыстық әкімдікте аталмыш бағдарлама аясында “Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық негіздері” тақырыбында семинар-кеңес өткізілді.

Облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова семинар-кеңестің негізгі мақсаты 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының негізгі ережелерін ауылдық округ әкімдеріне түсіндіру болып табылатынын жеткізді. Ол алдағы уақытта әкімдердің ролін көтеру, сонымен қатар, Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі іс-шаралардың орындалуына баса назар аударылатынын атап өтті.

Семинар-кеңес барысында БҰҰ-ның бірлескен жобасының Қызылорда облысы бойынша менеджері Баян Егізбаева, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту басқармасының бас сарапшысы Елена Погарелова, «Экономикалық зерттеулер, бағалау және мониторинг орталығы» қоғамдық қорының сарапшысы Шолпан Айтенова күн тәртібінде бекітілген тақырып аясында ойларын ортаға салды. Олар жергілікті биліктің қолма-қол ақша шоттарын бақылау, кіріс бөлігін қалыптастыру және қолдау, шот жабу және ашу мәселелері бойынша кеңінен түсініктеме берді. Сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асырудың бірінші кезеңіне шолу, тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуын қамтамасыз ету мәселелері де сөз болды. Семинарға қатысушылар та-

рапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Семинар-кеңеске қатысушылар БҰҰ мен Қызылорда облысы әкімдігі арасындағы біріккен бағдарламаның аймақтың дамуына лайықты үлес қосатынын атап өтті.

Ауылдық округтер әкімдеріне арналған семинар-кеңес түстен кейін де жалғасын тауып, онда экономикалық мәселелер талқыланды. Семинарды ашқан облыс әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Марат Делмұханов бүгінгі күні әлемдік қаржы дағдарысы күшіне мініп тұрғанымен, еліміздегі қоғамдық және саяси жағдай тұрақты екенін атап өтті. Десе де, дағдарыс салдары ел экономикасына өз түзетулерін енгізіп жатқаны мәлім. Бюджет шығындары қайта қаралды. Қазақстан Еуразиялық одаққа мүше болуымен қатар енді ДСҰ-ға мүше болады. Жаңа өзгерістер жаңа жағдайда жұмыс жүргізуді талап етеді, – деді М.Делмұханов.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова өз кезегінде семинарға қатысушылардың облыстық экономикалық жағдайынан қысқаша хабардар етіп, жүзеге асырылып жатқан жобалармен, аймақтың инвестициялық ахуалымен таныстырып өтті.

Бұдан соң семинар барысында салық түсімдерінің түсуін қамтамасыз ету, облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамыту, бизнесті қолдау мен дамыту, құрылыс саласындағы заңдылықтарды орындау, жергілікті жол желісін дамыту және басқа да мәселелер туралы түрлі сала өкілдері хабарламалар жасап, қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Семинар соңында қатысушылар облыстық әкімдіктегі ситуациялық орталық жұмысымен танысты. Бұдан соң Сырдария ауданындағы Нағи Илиясов атындағы ауылға жол тартты. Мұнда олар ауылдың тыныс-тіршілігімен, ауыл тұрғындары игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстар мен жақсы жаңалықтар барысымен танысты.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

● ҰЛТ ЖОСПАРЫ – БЕС РЕФОРМА: 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

КӘСІПКЕРЛІК ПЕН ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

“Сыр медиа” ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Қ.Датқабекова БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Жиын барысында Елбасының “Ұлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет” атты бес институттық реформасы сөз болды. Сондай-ақ, Қ.Датқабекова басқарманың жеткен жетістіктері мен алға қойған мақсаттарына тоқталды.

Елбасының бес институттық реформасын жүзеге асыру ел экономикасының өсуіне үлкен жол ашады. Бес институттық реформаның әрбірі өз алдына кешенді бағдарлама. Оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру мақсатында жүз нақты қадам анықталып отыр. Бес институттық реформаның ІІІ бөлімі – “Индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім” болып табылады. Бұл экономикалық өсімге қол жеткізу үшін шағын және орта бизнесті дамытып, қай қоғамның болсын, саяси тұрақтылығы мен экономикалық өсуінің кепілі болып табылатын орта тапты қалыптастыру қажет. Индустрияландыру – экономиканың құралы ғана емес, сонымен бірге мемлекет дамуының және орта тапты қалыптастырудың маңызды факторы. Бірінші мәселе – тауар шығарумен шектелмей, сол өндірілген тауарды сатумен бірге әлемдік нарыққа жаңа тауар ұсыну қажет. Кәсіпкерлікті дамыту – бүгінгі күннің ұлттық идеясы.

Бес институттық реформаның 54-қадамында кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес саласын нығайту жайы айтылған. Осы қадамда “Жана институттың құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді” делінген. Бұл – әлеуметтің әлеуетін жоғарылатуға үлес қосып жүрген шағын және орта бизнес өкілдерінің өз жұмысын одан әрі жоғары деңгейде орындауына жол ашады деген сөз. Сондай-ақ, бұл реформада туризм саласына инвестиция тарту жағы қаралған. 57-қадамында осы салаға туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторлар тарту жайы айтылады. Оның ішінде біздің облысымыз туристік потенциалы инвестиция тартуға қолайлы болып отыр.

Бес институттық реформаны жүзеге асыру мақсатында Қызылордада кәсіпкерлік пен туризмді дамытудың Жол картасы әзірленді. Қазіргі таңда жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылуда. 2015 жылдың 1 шілдесіне дейін облысымызда шағын және орта бизнес бойынша – 6097 кәсіпорын тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 9,3 пайызға өсіп отыр. Аймағымыздағы өңірлік өнім шығаруда шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі өткен жылдың қорытындысымен 11,1 пайызды



құрады.

Кәсіпкерлердің кәсібін алға өрлету мақсатында мемлекеттік бағдарлама әзірленген болатын. Осы бағдарлама аясында облысымызда 2015 жылдың 1 шілдесіне дейін 722 кәсіпкер оқытылды. Сондай-ақ, “Бизнестің жол картасы – 2020” бағдарламасының 4 бағытының 2 кезеңі бойынша Германияда 2 топ-менеджер тәжірибеден өтіп қайтты.

Ауылдық елді мекендерде шағын бизнесті дамыту мақсатында және ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиелер ұсыну үшін өткен жылы мемлекеттің қатысуымен “Қызылорда” Өңірлік инвестиция орталығы” ЖШС құрылды. Қазіргі таңда Өңірлік инвестиция орталығының комиссиясымен жалпы құны 113,1 млн. теңгені құрайтын 19 жоба толық қаржыландырылды. “Байқоңыр” ғарыш айлағы мен “Қорқыт” кешені Сыр елінің брендіне айналды. Аталған нысандар халықаралық “ЭКСПО – 2017” көрмесінде мемлекетіміздің айтулы да айшықты орны ретінде көрсетілмек. Қазіргі таңда осы нысандардың тартымдылығын арттыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Осыған орай “Байқоңыр” туристік кластері” жобасы ұсынылды. Жобаның мақсаты – өңірлік және Ұлттық экономиканы туристік сала арқылы дамыту. “Қорқыт ата” мемориалдық кешеніне “ЭКСПО – 2017” халықаралық көрме қонақтарын қабылдау үшін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. “Байқоңыр” кешенінде халықаралық көрме қонақтарын қабылдау мақсатында “Қорқыт сазы және Ғарыш айлағы” туристік маршруты әзірленді. Қ.Датқабекованың айтуынша, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде өз жалғасын таба береді.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

БОЛАШАҚҚА БЕРІК ҚАДАМ

Кеше Қармақшы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында, Республикалық ақпараттық-насихаттық топ Елбасының “Ұлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет” атты бес институттық реформасын жүзеге асыру мақсатында аудан тұрғындарымен кездесті.

Шараға ҚР Инвестиция және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары Ерлан Байтұқбаев пен облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Мұрат Имандосов қатысты. Кездесуді аудан

әкімінің міндетін атқарушы Сұлтан Мақашов жүргізіп, келген қонақтар бес институттық реформаның алға қойған мақсаттары мен міндеттері жайлы әңгімеледі.

Елбасымыз мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін “Ұлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет” атты бес институттық реформасын ұсынған болатын. Онда көптеген маңызды мәселелер алға қойылған. “100 нақты қадамның” әрқайсысы еліміздің болашағы үшін ауқымды қызметтер атқарады. Бес институттық реформа жоспарында “Мәңгілік ел” патриоттық актісі нұсқасын әзірлеу жайы да қаралған. Бұл жайдың болашақта қазақ елінің өмірінде алатын орны ерекше

сау бөлімінің аға кеңесшісі Жанболат Досмаханов “100 нақты қадам” стратегиялық бағдарламасының ел болашағы үшін тиімділігіне тоқталып, барлық қатысушылар бағдарламаның алға қойған міндеттерін жұмыла орындауға дайын екенін атап өтті.

Елбасымыз үстіміздегі жылдың сәуір айында алдағы уақытта “Ұлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет” атты бес институттық реформасын ұсынатынын айтқан болатын. Бұл реформа толықтай орындалған жағ-

болмақ. Стратегиялық жоспарды ел болып жұмыла іске асыратын болсақ, мемлекетіміздің қуаттылығы артып, өзге де бағыттарда тың серпіндер орын алары сөзсіз.

Бес институттық реформаның мемлекеттік қызметтің барлық саласының дамуына әсері мол. Қазіргі таңда, осы реформаны жүзеге асыру мақсатында түрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізілуде. Бүгінгі кездесудің де басты мақсаты – халықты Елбасының ел болашағы үшін ұсынған стратегиялық бағдарламасын жұмыла жүзеге асыруға шақыру. Кездесуге қатысушылар “100 нақты қадамға” байланысты өз ой-пікірлерімен бөлісіп, реформаны бірігіп жүзеге асыруға шақырды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

● АТОМ ЖОБАСЫ

Гүрс-гүрс жарылыс. Шарасыз әке, жылаған ана, қорғансыз сәби. Отан алдындағы борышын өтеймін деп, құпия аймаққа тап болған жас сарбаздар. Бірақ олар айналаны бұлай бір сәтте астан-кестең еткен жарылыстың сырын түсінбеді. Олар сол бір аспанға көтерілген шанның өздеріне кесел болып жабысарын білмеді. Тек үлкен-кіші демей, генетикалық мутациямен байланысты түрлі ауруларға шалдықты. Бұл біздің көріп, оқып білгеніміз. Ал айтуға тілі жоқ Жер-Ананың азабы мен қасіреті бөлек бір дастан.

«ЯДРОСЫЗ ӘЛЕМ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢАНДЫҚ МИССИЯСЫ»

Әңгіме ауанынан-ақ аңғарған боларсыздар, бұл елді зар жылатқан ядролық сынақтан зардап шеккен халықтың сол кездегі жай-күйі еді. 1949 жылдан басталған жарылыстар 40 жыл жерімізді көк шаң, аспанымызды кара түтінге бұғып тастады. Бұл әсіресе, Семейдің тұрғындарын тұқыртты. Онда бастапқы 116 сынақ ашық аспан астында өткізілсе, 456 тәжірибе жер астында жасалған. Бұл – ядролық қару пайда болғаннан бері әлемде жүзеге асырылған барлық сынақтардың тең жар-тысын құрайды екен. Ал дерек көздеріне сүйенсек, ол бір жарым миллионнан астам адамның өмірін тәлкекке салған. Қайран қазағым-ай! Осындай қасіретке де қырық жыл шыдап, тек 1989 жылы ғана бір тудың астына бірікті. «Невада-Семей» қозғалысы құрылып, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов оның көшін бастады. Осыдан кейін ғана құлыптаулы сандықтағы құпиялар жарыққа шығып, ядролық сынақтың зияны ашық айтыла бастады. Бірнеше жыл мұңын ішке бүккен бастамашыл топ, тіпті ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсынысты бір үндеуге сыйғызды. Бұл КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасауына себеп болды. Ал ел тәуелсіздік алғаннан кейін, халықтың «жарылыстар қайта басталады ма?» деген күдігі біржола сейілді. Елбасы Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда елімізді «ядросыз аймақ» деп жариялады. Сөйтіп 1991 жылдың 28 тамызында көптің көз жасын төккен Семей полигонын жабу туралы Жарлық шықты.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

БАБЫ КЕЛІСПЕГЕН «ҚАЙСАРДЫҢ» БАПКЕРІ ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТЫЛДЫ

Биыл «Қайсардың» аты жаңалықтар қатарынан түспеді. Мықты ойын көрсеткеннен емес, айкай-шу мен түрлі өзгерістердің орын алуынан. Әуелі әктөбеліктердің ғаламтордағы видеосы қызылордалық жанкүйерлерді дүр сілкіндірді. Онда «Қайсар» ойыншысын әлдебіреу сыртынан мазак еткен болатын. Оны аяқ допшылар қалыпты құбылысқа балағанымен, қызылордалықтар кешірім сұрауды талап етіп, намыстарына тигендігін мәлімдеген еді. Ал мамырда «Оқжетпеспен» болған ойын күтпеген жағдайда аяқталған болатын. «2:0» есебін көрген жанкүйерлер «Қайсардың» бас бапкері Дмитрий Огайдың орнынан кетуін талап етті. Осы жайттар әсер етті ме, бейсенбі күні бас жаттықтырушы ғана емес, клуб директоры Руслан Балтиев және команда басшысы Евгений Веретников қызметтерінен босатылды. Бұл туралы тілшілермен кездескен облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаевтың өзі мәлімдеді.

– Былтыр «Қайсар» жаксы ойын көрсетіп, ел чемпионатында үздік бестікке ілінген еді. Алайда, биылғы 21-турдан кейін Қазақстан Премьер-Лигасында 17 ұпай жинап, 10-орынға түсіп қалды. Бүгінгі өзгерістердің негізгі себебі де осы. Ал бас бапкердің кім болатындығын ақылдасып, жан-жақты саралап барып тағайындаймыз. Солайша, ойыншыларды келесі жылға дейін баптаймыз,-деді ол.

Әкс-жаттықтырушы Дмитрий Огай болса, сәтсіздіктердің себебін нақты түсіндіре алмады. Тек өз-өзіне келу үшін уақыт керектігін айтуден шектелді. Осылайша, биылғы жыл «Қайсарға» ғана емес, оның жетекшілеріне де сәтсіз болды. Ал командаға жаңа бапкердің тағайындалуы «Қайсар» жанкүйерлеріне жағымды жаңалық пен жеңіс сыйлай алады ма? Ол уақыт еншісінде.

Мөлдір ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

АҚПАРАТТЫҚ ТОП – АРАЛДА

«Нұр Отан» партиясының Арал аудандық филиалында ақпараттық-насихаттық топ мүшелерінің қатысуымен алқалы жиын өткізілді. Жиында Елбасымыздың «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты институционалдық бес реформа барысы кең тұрғыда талқыланды.

Аудан әкімінің орынбасары Мұхтар Оразбаев жүргізген басқосуда «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» басшысы, облыстық ақпараттық-насихаттық топ мүшесі Еркебұлан Бекжанов «100 нақты қадам» бағдарламасының елімізде жүзеге асырылуын баянда-

ды. Өзінің хабарламасында ол жаңа Ұлт жоспарындағы кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесіне баса мән берілгеніне, мемлекеттік қызметке байланысты реформалардың шешуші бағыттарына, мемлекеттік аппаратты қалыптастыруды кәсібилендіруді қарастырып, қызметкерлерге қойылатын талаптардың күшейтілетіндігіне тоқталды.

Жиынға қатысушылар «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамды» жүзеге асыру тақырыбы бойынша өздерінің ой-пікірлерін білдірді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Арал ауданы.



ІРГЕЛІ ІСТЕР ӨРКЕН ЖАЙҒАН ӨҢІР

Өлі есімде, кешегі 90-шы жылдардың соңы мен 2000-шы жылдардың басы көп нәрсенің басы ашылып, айқындалып болмаған күрделі кезең болатын. Аудан экономикасы күрмеуі қиын түйіндерді шешу нәтижесінде облыс өңірінде алдыңғы шептерден көрінді. Ал мұнда ауданның бүкіл макроэкономикалық саласына жауап беретін Қайратбектің сүбелі үлесі бар еді.

Облыстың қаржы басқармасының басшысы ретінде ол экономикалық талдау арқылы ой қорытуға келгенде біліктілігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен жаңа қырынан танылды. Енді, міне – Шиелі ауданының әкімі. Ол келісімен облыс әкімінің қолдауына сүйене отырып бірнеше жылға жуықтаған, аудан шаруаларын көптен мазалап жүрген өзекті мәселенің шешімін табуға бел шеше кірісті. Ал бұл шындығында оңай емес еді. Себебі мәселе күллі өңірдің, кешегі жоспарлы жүйе кезінде облыстың даңқын асырып, мерейін тасытқан дикандардың өмірлік өзекті мәселесіне тірелген еді. Егер өзекті өртейтін мәселенің түйіні анау-мынау емес, Жоғарғы соттың құзырында болса, бұл енді әкімнің тарапынан қосымша күш-жігерді талап ететіні дау туғызбайтын шындық болатын.

Аудандағы бес бірдей іргелі шаруашылықтың күріш егістігінің жерлері республикалық белді банкінің құзырына көшіп, кепілдікке алынуы дикан қауымның берекесін қашырды. Соңғы жылдары күріш егістігінің көлемі күрт төмендеп кетті. Күрмеуі қиын мәселені шешуге аудан әкімі араласты. Ақыры республиканың Жоғарғы сотында еңбекші қауымның мүддесі оңды шешімін тапты.

Биыл шиелілік дикандардың көңілдері көтеріңкі. Аудан бойынша 26631 гектар жерге егіс егілді (өткен жылдан 2601 га артық). Оның ішінде күріш 10532 гектар көлемді құрады. Осыдан 6 жыл бұрын яғни, 2008 жылы егілген күріш 6028 гектар болса, мемлекеттің қолдау және жүргізілген нәтижелі жұмыстардың арқасында



биыл күріш 4504 гектарға артық егілді.

Аудан бойынша биылғы жылы мемлекет тарапынан тыңайтқышқа 39 млн 113 мың теңге, басым дақылдарға 166 млн 271 мың теңге, суға 12 млн 570 мың теңге, барлығы егін шаруашылығына 217 млн 954 мың теңге субсидия төленді. 2015 жылға барлығы 399 млн теңге субсидия бөлініп, өткен жылмен салыстырғанда 87 пайызға артып отыр. Сонымен қатар, өткен жылдан бері субсидия ала алмай келген аудандағы 4 ірі шаруашылық биыл 132 млн теңге субсидия алуға қол жеткізгенін атап өткіміз келеді.

Ауыл шаруашылығының өзге салалары да өркен жайып келеді. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығында ауданда тірілей салмақта 2134,5 тонна ет, 7816 тонна сүт, 356 мың дана жұмыртқа өндірілді. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 2015 жылы 4763 бас аналық мүйізді ірі қара, 150 бас асыл тұқымды бұқа тіркеліп, 3 бас бұқа карантин мерзімінде тұр. Облыс бойынша бұқамен қамтамасыз ету және аналық басқа шаққандағы көрсеткіштері жөнінен аудан бірінші орынға тұрақтады.

«Құлдан» бағдарламасы бойынша 2015 жылға сатып алынатын мал саны артығымен орындалды. Сол сияқты «Алтын асық» бағдарламасы бойынша мал сату межесі жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мал шаруашылығын қолдау және өнім сапасын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан 38 млн 333 мың теңге субсидия төленгенін және атап өтуіміз керек.

Бюджеттің орындалуы – аудан әкімінің жігі бақылауындағы мәселе. Экономист ретінде бұ-



гінгі дағдарыстың сыр-сипатын жақсы біледі. Ал бюджет бұл тұрғыдан алғанда көптеген әлеуметтік қана емес, саяси мәселелерді шешудің басты түйіні болып табылады. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығында аудандық бюджеттің жалпы кірісі болжамдалған 4 млрд 797 млн теңгенің орнына 4 млрд 887 млн. теңгеге немесе 101,9 пайызға, оның ішінде аудандық бюджеттің өз кірісі болжамдалған 866 млн теңгенің орнына 956 млн теңге болып 110,4 пайызға орындалды.

Сондай-ақ, республикалық бюджетке төленетін салықтар мен төлемдер 368 млн теңгенің орнына 460 млн теңгеге немесе 124,8 пайызға, облыстық бюджет түсімдері 465 мың теңгенің орнына 22 млн теңгеге жетіп 47 есеге артық орындалды. Бұл енді жауапты буынды жіті бақылауға алудың игі жемісі болып табылады.

Аудан әкімімен ендігі кезектегі әңгімеміз материалдық игілік өндіру саласына ауысты. Ал бұл бағытта ең алдымен Президент бағдарламасы алғашқы кезекке шығады. 2015 жылы өңірлік индустрияландыру картасына 2 жоба ұсынылып, қазіргі таңда жобалық құны

29 млрд 341 млн. теңгенің цемент шығару зауыты жобасы мақұлданып, 50 гектар жер телімінің құжаттары рәсімделді. Ал жобалық құны 150 млн теңгенің құрылыс материалдарын өндіру жобасы облыстық сараптамалық кеңестің оң қорытындысын алып, аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынылды. Жобалар 2015-2017 жылдар аралығында іске асырылады.

Аудан кәсіпкерлерінің өз кәсібін ашуға деген ізденістерінің арқасында облыс бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бөлінген 5 гранттың 2-ін аудан кәсіпкерлері жеңіп алып, қазіргі таңда өз кәсіптерін бастап кеткені көңілге қуаныш сезімін орнықтырады.

Елбасының шағын және орта бизнесті дамыту бағытындағы тапсырмаларына сәйкес үстіміздегі жылдың көктемінде «Шиелі» І инвестициялық форумы өткізілді. Форум барысында аудан әкімдігінен 3 млрд 159 млн. теңгенің 20 жобасы ұсынылып, қазіргі таңда 8 жоба кәсіпкерлерден қолдау тауып, іске асыру жұмыстары басталды.

Аудан әкімімен әңгіме барысы құрылыс, инфрақұрылымдық нысандарды пайдалануға беруі бағытына ауысты. 2015 жылдың 5 айында негізгі қорға барлығы 1 млрд 560 млн теңге инвестиция тартылып, жеке тұрғындар есебінен 419 млн теңгеге жалпы ауданы 10464 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

«Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша аудан тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында жоғары тұрған бюджеттерден 217 млн теңге бөлініп, Шиелі кентінің ішкі су

Атқарушы биліктің әртүрлі буындарында абыройлы қызмет атқарып келе жатқан Қайратбек Сәрсенбаевпен таныс-білістігіміз ширек ғасырға жуықтап қалыпты. Кешегі компартияның тарап, бүкіл еліміздегі сияқты облыс-тәжібаев және Досбол би елді мекендерінің су тасымалдаушы тармағы мен бас су қабылдау қоймасының құрылысын толықтай аяқтауға жұмыстар атқарылуда.

Сондай-ақ, №22 Бекет және Жартықазарма елді мекендерінде ауыз су құбырларының құрылысын жүргізуге шілде айында 34 млн 938 мың теңге қаржы бөлу жоспарлануда.

Аудан халқының көптен күткен газдандыру мәселесі биыл өз шешімін тауып бірінші кезекте Шиелі кентінде 260 шақырым газ құбырын жүргізу жұмыстары басталды. Қазіргі таңда 2 мердігер мекеме 1 млрд 300 млн теңге болатын 165 шақырым газ құбырын жүргізді, жыл аяғына құрылыс жұмыстарын толық аяқтау жоспарлануда. Жалпы Шиелі кенті бойынша 5600 үйге газ кіргізілетін болса, қазіргі таңға 340 үйден өтініш қабылданды. Сонымен қатар, кентте орналасқан 37 әлеуметтік нысанды газға ауыстыруға жобазерттеу есебі жасалынып қаржы қарастырылуда.

Облыстық бюджеттен 2015 жылы аудандық маңызы бар жолдарға 150,6 млн теңге қаржы қаралды. Құны 35,1 млн теңге тұратын ұзындығы 3 шақырымдық «Самара-Шымкент-Жансейіт» автомобиль жолының құрылысы аяқталды.

Құны 115,5 млн теңге тұратын ұзындығы 11 шақырымдық «Жансейіт-Ортақшыл» автомобиль жолының 8 шақырымы орташа жөнделді. Аудандық бюджеттен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Кент, Н.Бекезанов, Ақмая, Жансейіт, Жаңатұрмыс, Қоғалы, Тартоғай елді мекендерінің 13 шақырым көшелерін орташа және жай жөндеуге, Шиелі кентінде 8 бейне бақылау камераларын орнатуға 71 млн 794 мың теңге бөлініп, қазіргі таңда Ақмая елді мекенінде көше жарығын орнату, Жөлек елді мекенінде жаяу жүргінші жолын салу, Қодаманов елді мекенде төлқұжат орнату жұмыстары аяқталды.

Аудан әкімі әңгіме түйінінде бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне тоқталды. Әлемдік нарықта мұнай бағасының төмендеуі мемлекеттік бюджетке кері әсерін тигізуде. Біз, сол себепті, аудандық бюджеттің кірісін артығымен орындауға жұмыс жасауымыз қажет деген пікірін білдірді. Сондықтан аудан көлеміндегі барлық кәсіпорындар мен кәсіпкерлерді салық органына түгелдей тіркегіп, есепке алынуы ойлаған межені алуға мүмкіндік береді. Сол арқылы салық базасын көбейтуге мүмкіндіктер мол.

Әкім бұл мәселенің оңтайлы жолдарын қалай шешу керектігін жақсы біледі. Себебі атқарушы биліктің барлық буындарында өзінің тікелей айналысқан мәселелері болғандықтан оның құпия сырлары жоқ.

Аудандағы өнеркәсіп өнімін өндіретін мекемелердің өнім көлемін арттыруға, оның ішінде қазіргі таңда төмендеп кеткен өңдеу өнеркәсібіне қолдау көрсету қажеттігі және туындайды. Ауданда жүргізіліп жатқан ауыз су, мектеп, клуб құрылыстарының сапалы әрі мерзімінде пайдалануға беруге, құрылысы өткен жылы басталған елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз етуге, Шиелі кентіндегі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жыл аяғына дейін газға көшіруге байланысты мәселелер бүгінгі күні аудан басшылығының алғашқы кезектегі міндеттерінің санатына қосылады.

Біз аудан әкімімен оның кезекті демалысқа шығу қарсаңында жүздестік. Иә, бүгін қысқа демалыс, күні ертең оны қыруар жұмыстар күтіп тұр. Өмір осылайша жалғасып жатыр...

Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.
Шиелі ауданы.

● ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Жаңақорған ауданының орталығындағы жуырда ғана іске қосылған минералды су шығаратын «Талдысу» жаңа технологиялық цехында тәулігіне 4-5 тонна тұтынушы талғамына сай минералды су өндіріледі. 5 және 24 литрлік пластмасса ыдыстарға құйылып, сауда және өндіріс орындарына жөнелтілетін жаңа жұмыс орнында әзірге 6 адам еңбек етеді.

«ТАЛДЫСУ» ТАЗА СУ ШЫҒАРАДЫ

Аталмыш цех алдағы уақытта жұмыс ауқымын кеңейтіп, «Махи» шайын және осындағы өз наубайханаларынан тәтті тоқаштар мен нан өнімдерін шығаруды қолға алмақшы. Бұл жерде тандыр нан пісіуді де жаңа технологиямен өндіру жоспары бар.

– Аталған жобаларымызды іске асыруға тиісті құрал-жабдықтарымызды алдырып қойдық, оны өз орнымен құру, мамандар дайындау істері да қатар жүргізіліп келеді. Шаруамыздың жалпы жамағатқа қажетті болатындығына, өніміміздің тартымды боларына сенімдіміз, – дейді бізбен әңгімесінде «Талдысу» цехы құрылтайшысының бірі Абайхан Төлегенов.

Расында, аудан орталығының бұрынғы МАИ бекеті ауданынан бой көтерген жаңа өндіріс орнының ауқымы молая түсетіндігіне сенім мол.



Өйткені, мұндағы ғимарат пен жабдықтар қолға алынған жобалардың жалғасын табарына сенімді молайта түседі. Осындағы Мақсат, Омар, Құланда есімді аудан тұрғындары өз кәсіптеріне кәдімгідей-ақ төселіп, шыңдала еңбек етуде. «Талдысу» табиғи таза ауыз суы өткен аптадан бастап аудандағы дүкен сөрелеріне сатылымға шығарылып, өз тұтынушыларымен қауыша бастады.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАҚЫЛАУ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ



– Иә, жол-көлік оқиғасының ең басты себебі жүргізушілердің жол қауіпсіздігі ережесін сақтамауынан болады, – дейді Алтынбек Меңлібайұлы. – Өйткені, жол-көлік апаттарына жасалған сараптама соған куә. Мамандардың мәліметіне қарағанда, республика жолдарындағы апаттардың тоқсан пайызға жуығы жүргізушілердің жол ережесін өрескел бұзуынан туындайды десек, көлікті мас күйінде басқару салдарынан қаншама адамның өмірін қиып, қаншама адамның дене жарақатын алуына себепші болушылар қатары да азаймай отыр. Бұған күнделікті белгілі бағытта жүретін автобустар да себепші болуда. Жыл басынан бері еліміз бойынша үш мыңнан астам жол апаты тіркеліп, онда жүздеген адам ажал құшып, мыңдаған бейкүнә жан тән жарақатын алған.

Сараптау нәтижесінен жол-көлік апатының жиырма пайызға жуығы республикалық және халықаралық мәні бар жолдарда болатынын байқаймыз, – дейді басқарма бастығы. – Бұл – “әрбір бесінші апат” деген сөз. Сондай-ақ, жергілікті мәні бар жолдардағы апаттар да одан қалысар емес. Республикалық және халықаралық мәні бар жолдардағы апаттарға жолдардың сапасыздығы мен тарлығы себеп болады десек, кейінгі кездерде қалааралық автобустардың жол апатына жиі ұшырауының бір ұштығы осында жатқаны жасырын емес.

Басқарма бастығының сөзінің жаны бар. Расымен де, біздегі қалааралық жолдар тар әрі сапасы да көңіл көншітерлік емес. Жолдың тарлығынан жүк көліктерінен озбақ болғандар осылайша опық жеп, қарсы бағытта келе жатқан көліктерді байқамау және олардың жылдамдықтарын ескермеу нәтижесінде жол-көлік оқиғасына ұрынады.

Облыстың бас жол сақшысының айтуынша, кейде көлік оқиғасына сапасыз жол да себеп болады екен. Өйткені, жол ортасындағы ой-шұқырды айналып өтемін деген жүргізуші рульді бірден бұрып жіберіп, қарсы бағытқа шығып кетеді неме-

се жолдан шығып кетіп, аударылып қалуы да ғажап емес. Сондықтан жол апатын азайту үшін жолдарды кеңейту және сапасын арттыру керек, – дейді полиция полковнигі Алтынбек Меңлібайұлы.

Еліміздегі автожолдардың сапасы жайлы Үкімет отырыстарында жиі сөз болып та жүр. Ол үшін республикалық және жергілікті мәнге ие жолдарда жасалып жатқан жол-құрылыс жұмыстары мен қайта жөндеуде қолданылатын материалдардың сапасына бақылауды күшейту қажет. Сондай-ақ, жол жүру қауіпсіздігіне аудит жүргізіп, қоғамдық бақылауды арттырған артық болмас еді. Себебі, жыл сайын автокөлік жолдарының жүктемелігі артып келеді. Бұдан басқа ауыл жолдарын салу мәселесін де қолға алатын кез жеткен сияқты. Өйткені, еліміздің елді мекендерінің отыз пайызында көлік қатынасына жарамды жолдар жоқ десек те болады. Есепке жүгінсек, мыңға тарта елді мекен ең болмаса қатты тас төселген жолдармен қамтылмаған.

Жол-көлік оқиғасының орын алуына тағы бір себепші – жаяу жүргінші, – деді Алтынбек Ахметов. Оның айтуынша, жазатайым жағдайға жаяу жүргіншілердің жауапсыздығы себеп болатын көрінеді. Статистикаға үңілер болсақ та, жол апатының 40-45 пайызына жаяу жүргіншілер себепкер болады екен.

“Асыққан – шайтанның ісі” демекші, көп жағдайда адамдардың асығып, жолды белгіленбеген жерден кесіп өтуі, арнайы жолақтан өтерде көліктердің тоқтағанына көз жеткізбей тұрып жүгіріп өтуі апат тудыратын себептер. Осы жолдардың авторы өзі көлік жүргізетіндіктен адамдардың ағылып жатқан көліктердің алдынан жүгіріп өтетініне, енді біреулердің тойға бара жатқандай ырғалып-жырғалып өтіп болмайтынына күнделікті куә болып келеді. Жалпы, жаяу жүргіншілер жол ережесін білмейді дей алмаймыз. Меніңше, олар ережені ескермейтін секілді.

Иә, жолдардағы көлік апаттары көптеген шаңырақтарды шайқалтып,

қайғыға батыруда. Енді бірқатар бейкүнә жандар алған жарақаттарынан айдыңкүннің аманында мүгедек болып қалуда. Өткен алты айда облыс көлемінде 159 жол-көлік оқиғасы орын алып, одан отыз алты адам мерт болса, 204 адам әртүрлі дене жарақаттарын алған. Аталған жол-көлік оқиғасының алпыс алтысы жаяу жүргіншінің қатысуымен болған.

Облыстық ішкі істер департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Алтынбек Ахметовтің айтуынша, облыс көлеміндегі жол қозғалысы ережелерінің бұзылу деректерінің жиі орын алуы көбінесе автокөлік паркттерінің өсуі, соған сай көше-жол тораптарындағы транспорт ағымының артуы десек, қаладағы қаптаған мейрамханалар мен кафе-барлардың жанында арнайы автотұрақтардың болмауы да өз салқынын тигізуде. Соның салдарынан кептелістер пайда болып, жол қозғалыс ережелері сақталмайды.

Қызылорда қаласында бірденгейлі екі жолүсті жаяу жүргінші көпірі пайдалануға беріліп, осыған орай жаяу жүргіншіге қатысты жол-көлік оқиғасы біршама азайды десек те, жол қозғалыс ережелерін бұзу деректері азаймай отыр. Оған дәлел, жыл басынан бері жаяу жүргіншілердің жол жүрісі қағидасын бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 615-бабы бойынша 2800 жаяу жүргіншіге, осы кодекстің 600-бабы бойынша жол өтпесінде жаяу жүргіншілерге басымдық бермегені үшін 1009 жүргізушіге әкімшілік шаралар көрілген.

Десек те, бұл бағытта басқарма тарапынан алдын алу шаралары барынша жандандырылып, көшелерге арнайы мобильді топтар шығарылған. Олар өз кезегінде дауыс күшейткіш құрылғылармен тұрғындарға жолда жүру ережесін сақтау және жүргіншілердің тек жол өтпелерінен ғана өтіп, сақтық шараларын күшейту жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● “САҚАЛДЫ” ҚҰРЫЛЫС СЫРЫ

Теңіз төскейінің орталығы Арал қаласындағы «сақалды» құрылысты көргенде қатты толқидым. Әрі бұл келеңсіздік дауылпаз ақын Мұқағали Мақатаев көшесінде орын алғандығы жанымызға батты.

БЕС ЖЫЛДА БІТПЕГЕН ҚҰРЫЛЫС



Біздің назарымызға іліккен салынып жатқан нысан – тарихи-өлкетану музейінің ғимараты екен. Басталған мерзімін есептесең аса «су жаңа» деуге келмейді. Жуырда тура бақандай бес жыл толмақшы. Бәлкім, сіздің «Ащы ішектей созылғанына қарағанда түйеңі етін жеген шығар. Әйтпесе, шаһарымыздың шырайын кетіріп, көзге шыққан сүйелдей дегбірді қашырған нысанның мәселесін шешуге болар еді. Иегінің астындағы құрылысты басшылар қалайша байқамайды?» деп кейістік танытуыңыз мүмкін. Турасына көнсек, бұл көпшілік көкейіндегі сауал десек, жарасады.

Сабыр сақтаныз. Дерекке жүгініп тақырыпты тарқатып айтып берейік. Іргетасы 2010 жылы қаланған аталмыш нысанға тапсырыс беруші Қызылорда облыстық мәдениет басқармасы жанындағы «Жыр елі» қоғамдық қоры екен. Құны 35 млн. теңге. Әп дегенде мердігер «Ақнұр» ЖШС бірқатар жұмыстарын жүргізгенімен, кейін құрылыс тоқтап қалады. Келесі жылы нысанды екінші мекеме «Арғын құрылыс» ЖШС қолға алады. Алайда, олар да пайдалануға бере алмапты. Жұмыс жүргізу барысында құрылысшылар тарапынан бірсыпыра кемшілік кеткенге ұқсайды. «Қазіргі таңда ғимарат қараусыз тұр. Төбесі дұрыс жабылмағандықтан ішіне тамшы аққан. Сылағы түскен. Өзге де ақауы бар» дейді біз тілдескендер. Бұл олқылықты біз де байкадық. Қос қабатты еңселі нысан өлмешінің күйін кешуде. Қатты желдің әсерінен құлаған төбенің шатыры шашылып жатыр. Қуалай аққан су тамшылары өрілген қабырғалардың кірпішін мүжі бастапты. Қыруар қаржы жұмсалып, тер төгілген нысанның мүшкіл кейпі тым аянышты. Тиісті орындар дереу дабыл қақпаса, опырылып түсуі ғажап емес. Ішкі ахуалымен танысуға тырысқан әрекетіміз сәтсіз аяқталды. Есігі тарс бекітулі ғимараттың кілті табылмады. Осылайша, дауылпаз ақын атындағы көшедегі “сақалды” құрылыстың келеңсіз көрінісі көңілді құлазытты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

● ТӘРТІПТІК КЕҢЕС

ЗАҢДЫЛЫҚТАН АУЫТҚУҒА БОЛМАЙДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облыстық тәртіптік кеңесінің кезекті отырысында он екі мәселе қаралды. Тәртіптік кеңес төрағасы Марат Оразәлінің төрағалығымен өткен шарада негізінен ҚР “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң талаптарының бұзылуына жол берген тұлғалардың тәртіптік істері қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Жосалы кенті әкімі аппаратының ұйымдастыру және мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Қ.Қаниевтің тәртіптік ісі қаралған болатын. Лауазым иесі биылғы 26 наурызда автобус аялдамаларын дайындап, орнату жұмыстарына “Болашақ Азия Сервис”, “Құрылыс-Базис Қызылорда” және “Қызылорда-Стройсантехсервис” жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің мемлекеттік сатып алу бойынша электрондық конкурсқа қатысуға тапсырған өтініштерін дұрыс емес деп қайтарса, осы жылғы 24 наурыздағы тұрмыстық қатты қалдықтар салынатын контейнерлер сатып алу бойынша “Таркон” және “Өмірзақ” ЖШС-ларының электрондық тәсілмен өткізілген конкурсқа қатысты өтінімдеріне шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға артықшылық көрсетіп, сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықтарға жол берген.

Тәртіптік кеңес мәселені талқылай келе, Жосалы кенті әкіміне Қ.Қаниевті қызметінен төмендету, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда заңда белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды.

Осындай тәртіптік жазаны Қандөз ауылдық округінің әкімі Т.Толқынбаев, бас мамандар К.Оразбеков пен К.Қыдырбаевқа қолдану туралы Жанақорған ауданының әкіміне ұсыныс берілген. Аталған тұлғалар Қандөз ауылдық округінде орналасқан клубты күрделі жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу бойынша электрондық конкурс өткізу барысында өрескел заңбұзушылықтарға жол беріп, “Игілік-Қызылорда” ЖШС-на қатысты шешімдер қабылдау кезінде заңсыз артықшылық көрсеткен. Сөйтіп сыбайлас жемқорлыққа жол берген.

Шиелі кентінің әкімі Н.Мырзабеков пен орынбасары Ә.Сәрсенбаевтың тәртіптік істері де сыбайластық сипат алған. Кенттің Әл-Фараби көшесіне 11 млн 606 мың теңгенің темір-бетон лотоктарын орнатуға конкурс тәсілімен өткізілген және абаттандыру жұмыстарына мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша Н.Мырзабеков комиссия төрағасы, ал Ә.Сәрсенбаев комиссия мүшесі ретінде өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешуде заңда белгіленген тәртіпті әлденеше рет бұзып, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын

құқық бұзушылықтарға жол берген.

Тәртіптік кеңес Шиелі ауданының әкіміне кент әкімі Н.Мырзабеков пен орынбасары Ә.Сәрсенбаевқа ҚР “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңының 12-бабы, 1-ші тармағы талабының бұзылуына жол бергені үшін қызметінен төмендету, болмаған жағдайда қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды.

Облыстық білім саласындағы бақылау департаменті білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы Б.Тұмырзаев пен Қазалы ауданындағы №234 мектеп директоры М.Құдайбергенге қатысты көрсетілген әрекеттерде дәлелдейтін дәйекті негіздер болмауына байланысты, олардың тәртіптік істерін тоқтату ұсынылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қошалақов, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Б.Өтегенов, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Е.Бисембаев, аудандық аумақтық инспекцияның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы Ж.Жүргенбаевтың тәртіптік істері қаралды.

2014 жылғы 14 сәуірде ауданның “Ақжар Агро Инвест” және “Жаңажол” серіктестіктері арасында бірігіп жұмыс істеу келісім-шарты жасалып, осы шарт негізінде жаңажолдықтар әріптестерінің 200 га жерін өңдеп бергенімен

қоймай, оған күріш егіп, бар шығындарды өздері көтерген. Ал аталған егістікке бөлінген 5 млн. теңге субсидияны негізсіз алып, осы алаяқтық әрекеті үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабымен кінәлі деп танылған “Ақжар Агро Инвест” ЖШС сотты болған.

Субсидия бөлуге шешім шығарған аудан әкімі жанында құрылған ведомствоаралық комиссия әрекетіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне қылмыстық қудалау тоқтатылып, құжаттар тәртіптік кеңес қарауына жолданған екен. Құжаттарды зерделей келе, тәртіптік кеңес комиссия мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану мерзімінің өтіп кетуіне байланысты тәртіптік істерді тоқтатқан.

Соңғы мәселе бойынша Қызылорда қалалық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Д.Таубайдың есебі тыңдалды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті мен Қызылорда қаласы әкімдігінің бірлескен бұйрығы негізінде 2-29 маусым аралығында қалалық ауылшаруашылық бөлімінің қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық қатерлерге талдау және мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша анықталған құқық бұзушылықтар жайлы ақпаратты талқылай келе, тәртіптік кеңес департаменттің талдау нәтижелері бойынша бірқатар ұсыныстар берді.

Б.СМАЙЫЛУЛЫ.

“Адамзат атом қаруының жарылысынан немесе соғыс пен табиғат апатынан жойылып кетпейді, адам бір кездері өзі тастаған қоқысқа көміліп өледі”.

Чарлз Сазерленд Элтон,
ағылшынның эколог-ғалымы.

Интернетті қарап отырып “Әлемдегі ең лас өзен” деген тақырыпқа көзім түскені. Оны ашқанымда суреттегі көріністен шошып кеттім. Бұл шын сөзім. Ойпырмай, табиғатқа мұндай да қиянат жасалады екен-ау деген ой келді алғашқы сәтте. Өзен беті тұтастай қоқыспен көмкеріліпті. Қоқыстың ұшы-қиыры көрінбейді. Ол Индонезиядағы Цитарум өзені екен.

1980 жылдарға дейін Цитарум халықты сумен қамтып, балықшыларды балығымен асыраған өзен болыпты. Өкінішке қарай, мүмкін қуанышқа орай, сол жылдардан кейін индустрия жақсы дамып, өзеннің бойынан алып өндіріс

жағдайы экологтарды алаңдатып отыр. Қасиетті өзен суына жергілікті жұрт өртенген мәйіт күлін тастайды, жуынады, тұрмыстық қалдықтарын ағызады. Тіпті заманауи кәріз жолдарының жоқтығы да бұл өзенге айтарлықтай зиянын тигізіп отыр.

Тазалығы сын көтермейтін өзендердің қатарына Бангладештегі Буриганга өзенін жатқызуға болады. Бұл да Гангтың бір тармағы. Жылына 1,5 миллион текше метрге жуық өндірістік қалдық төгілетін бұл өзен биологиялық өлі өзен санатында. Ондағы тіршілік иелерінің барлығы яғни балықтан бастап, микроағзаларға дейін өлген. Бұл өзенді қайта тірілтуге ешқандай



ҚОҚЫС – ҒАСЫР МӘСЕЛЕСІ

ошақтары бой көтерген. Осы өндіріс жұмыстары қарқын алған сайын, өзеннің тынысы тарыла түскен. 300 шақырымға созылып жатқан Цитарумның бойында қазіргі таңда 500-ге тарта зауыт пен фабрика бар. Зауыттардың зиянды қалдықтары құйыла бастағандықтан, тұрғындар да қала қоқысын осы өзенге тастауды ұйғарған. Солайша «байқұс» Цитарум балықшылар ау салған тынық өзен болудан қалып, арам суға айналған.

Өнеркәсіп дамып, адам кел-мел өмірге талпынған сайын экологиялық ахуал төмендей түсуде. Мысалы, өндіріс ошақтары мен зауыттар өзінің қалдығын суға төгуде. Төккенде де күй талғамайды. Теңіз, өзен, көл бәрін бүлдіруге бар. Дәл солайша бірінші зауыттың қалдықтарымен бүлінген, кейін адамдардың тұрмыстық қоқыстарымен толған әлемдегі ең лас өзеннің бірі – Цитарум. Бұл Ява аралының ең ірі өзендерінің қатарында. Индонезия астана-сы Джакарта қаласының маңынан ағып өтетін Цитарумға 9 миллион тұрғынның қоқысы тасталады. Өзендегі қалдықтардың көптігі сондай, бір көрген адам мұны өзен деп есте ойламайды. Керісінше, қоқыстан төселген кілем деп қабылдауы мүмкін.

Енді тұрғындар бұл өзеннен балық емес, қайта өңдеуге жарайтын бөтелкелер мен қағаздарды, түрлі қоқыс түрлерін аулайды. Әрине, мұндай әрекетке өзенді тазалау үшін емес, тиын-тебен табу үшін барады. Сондағы табысы айына 10-15 долларды құрайды екен. Экологиялық ахуалы тым төмен өзенді құтқаруға әрекеттенген билік өкілдерінің жұмысы еш нәтиже бермеген. Ал 2008 жылы оған «Әлемнің ең лас өзені» деген атақ беріліп, дәл сол жылы Азиялық банк өзенді тазалау үшін 500 миллион доллар көлемінде қаржы бөлген. Алайда бұл қомақты қаражат та өзеннің жағдайын жақсартуға қоймапты. Ең сорақысы да сол, өзен жағасын жайлаған 5 миллионға жуық халық осы суды ауызсу орнына пайдалануға мәжбүр. Егіншілер болса, дәл осы сумен егінін суарады.

Экологиялық ахуалы нашар өзендер жер бетінде аз емес екен. Олардың көбісі халық өте тығыз қоныстанған, оның ішінде экономикасы нашар дамыған елдерде орналасқан. Мәселен, соның бірі сонау Гималайдан Үнді мұхитына дейін созылып жатқан Ганг өзені. Бұл өзеннің тастануына да өндіріс пен халық санының артуы себеп болып отыр. Үндістердің қасиетті өзені саналатын Гангтың қазіргі

да қомақты қаражаттың күші жетпейді. «Уақыт – емші» демекші, табиғаттың бұл жарасының жазылуына он мыңдаған жылдар ғана көмектесе алады екен.

Айтатыны жоқ, бүгінгі күні тұрмыстық, өндірістік қалдықтар мәселесі адамзат үшін өте өзекті болып отыр. Адамзатқа айрықша қауіп төндірген, “XX ғасыр індегі” деген атқа ие болған нашакорлық, СПИД, лаңкестік, атом және биологиялық қарулар, фашизм секілді құбылыстардың ортасынан тұрмыстық қалдықтар мәселесі ойып орын алады десек, сезімізде жалған бола қоймас. Иә, тұрмыстық қалдықтар адам баласы үшін бас ауыртаралық жағдайға айналды.

Біздің планетамыздың әрбір тұрғынына жылына 1 тоннаға жуық тұрмыстық қоқыс сәйкес келеді. Бұл миллиондаған тозған және соғылған автомобильдер, сондай-ақ өнеркәсіптік қалдықтарды санамағанда. Егер бір жылда жиналған барлық қоқысты құртпай және өндемей, үйіндіге айналдырса, Еуропаның ең биік тауының шыңы – Эльбрус тауының биіктігіндей (5642 м) – болар еді. Қоқыс мәселесі әлемдегі ірі қалалар үшін өте өзекті мәселеге айналған. Мәселен, Египеттің астанасы Каир қаласында Қоқысшылар қалашығы деген аудан бар. Ондағы ер адамдар Каирдағы барлық қоқысты жинап, үйлеріне әкеледі. Ал әйелдер мен балалар оларды іріктеп, теміртерсек, қағазбен пластикалық бұйымдарды өңдеу орталықтарына өткізіп, азын-аулақ ақшасын алса, тамақ қалдықтарын малға береді. Киімдер мен мата қалдықтарының арасынан жарамдыларынан жергілікті тігіншілер жаңа киім тігіп шығарады. Ал қалған жарамсыз деген қоқысты өртейді. Содан да бұл аудан маңайы түтін мен жағымсыз иістен арылған емес. Ол жаз айларында тіпті күшейеді. Бұған үйренбеген адам есінен танып қалады. Бұл жаққа туристер аяқ баспайтыны сондықтан. Қоқыс жинаушылардың өздері жағымсыз иістен бөлек, түрлі тері аурулары мен шыны сынықтар кесіп кететін жарақаттардан жапа шегеді.

Алып қоқыс полигондары барлық мегаполистерге тән. Үндістанда болғандарды қалалардағы қоқыстардың көптігі таңғалдырады. Бұл елдің тұрғындары қалдықтарды қоқыс жәшігіне тастамай, аяқ астына тастай салуды әдетке айналдырған. Ал Филиппин мемлекетінің астанасы Манила қаласына жақын жердегі полигонда қоқыс тау болып үйілген. Осыдан біраз жыл бұрын нөсер жаңбырдан кейін оның бір бөлігі

құлап, сел болып аққан қалдықтар жакын орналасқан кедейлердің лашықтарын ағызып алып кетті. Қоқыстың астында қалған 37 адам өліп, ондаған адам жараланды. Із-түссіз жоғалып кеткендері де бар. Ал Бразилияның ірі қаласы Рио-де Жанейро қаласындағы 70 млн тонна қоқыс жиналған полигонды футболдан әлем чемпионаты басталар алдында жауып, топырақпен көмді. Қаладан жетпіс шақырым қашықтықта жаңа полигон ашылды.

АҚШ мемлекеті де тұрмыс қалдықтары мәселесін пәлендей жолға қоймағандығымен ерекшеленді. Мұнда жыл сайын 157млн тонна қалдық пайда болады. Оның бестен бір бөлігі ғана өңделуге жіберіледі, қалғандары мунципальдық свалкаларға төгіледі.

Өйтсе де, планетадағы ең үлкен қоқыс қалдықтары құрлықтарда емес, мұхитта болып отыр. Тынық мұхитта тереңдігі бірнеше метр үлкен аумақты алып жатқан жүзіп жүрген қоқыс қалдықтар бар. Оның аумағы кейбір мемлекеттер аумағынан үлкен. Адамдар мұхитқа қалдықтарды тастауды доғарған жоқ, соған орай оның аумағы күн санап ұлғайып келеді.

Ал жер бетінде қоқыс жыл өткен сайын көбею үстіне көбеюде. Неге? Диван, чехол, саквояж, кәрзеңке, картина, картон, велосипед, теледидар, тоназытқыш – бұл бір текті емес заттардан құралған, уақыт өткен сайын олар тозады және қоқысқа айналады. Иә, қоқыс бар. Ол адамзат барда бола береді. Әр күн сайын тұрмыстық қалдықтарды жинап, шығаруға арналған компаниялар жұмысшылары қалалардың таза болуы үшін өз міндеттерін атқарады.

Өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату, сақтау және қайта өңдеу мәселесі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жыл сайын әлемде қоқыс қалдықтардың миллиардтаған тоннасы жөнелтіледі. Қалдықтардың аздаған бөлігі ғана қайта өңделеді, статистикалық деректерге қарағанда бұл сандар дамушы елдерде орташа алғанда 10-нан 30 пайызға дейінгі мөлшерді құрайды. Көптеген елдерде іс жүзінде осындай қалдықтарды көметін қоймалар тіпті де жоқ, осыған ұқсас проблема біздің елімізде де бар.

Халықтың әлеуметтік әл-ауқатының өсуімен байланысты коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемінің жоғарылауы да байқалауда.

Іс жүзінде барлық елді мекендерде тұрмыстық қалдықтардың күннен күнге өсіп отырған көлемін қайта өңдеу мен сақтау мәселесі бүгінгі күннің тақырыбында

өткір де өзекті болып тұр. Ашыындығымыз сол, полигондар мен қатты тұрмыстық қалдықтарды төгетін орындар экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмейді. Бүгінде қаланың полигондары

рын іздеуде.

Десе де, ЕО елдерінің бірқатарында бұл процесс дұрыс жолға қойылған. Тәртіпке, заңға бағынған тұрғындар қалдықтарды өздері бөлектеп, әртүрлі контейнерлерге салады. Сосын олар қайта өңдеуге жіберіледі. Германия, Франция, Финляндия секілді мемлекеттерді бұл бағыттағы жұмыстар жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Мысалы, Финляндияда уақыты жеткен не ескірген дәрі-дәрмектерді лактырып тастамай, дәріханаларға апарып береді. Ескі көз әйнектерді оптикалық дүкендерге өткізеді, оларды кедей мемлекеттерге жібереді. Финдерескі автомобильдерін сервиске өткізеді, ондағылар оны бөлшектеп алады. Супермаркеттерде пластик құтылар мен пакеттерді қабылдайтын автоматтар орналасқан. Ел билігі тұрғындарға Рождество және Жаңа жыл мерекелерінде бір-бірілеріне көп сыйлық жасамауды ұсынып отырады. Мерекелер өткеннен кейін олардың көпшілігі ештенеге жарамсыз күйінде қалдықтар қатарын көбейтеді.

Жақсы мысалдар қатарында Сингапур қаласын да атап өтуге болады. Мұнда қоқыс мәселесі жарты ғасырға алдын ала шешіліп қойылған. Онда қоқыстан аумағы 350 гектар болатын Семака аралын тұрғызған. Ол жерде ешқандай иіс жоқ. Қоқыстар үлкен ұяларға төгіліп, үстінен пластикалық мембраналармен жабылады. Оның үстіне құнарлы топырақ төгіліп, нәтижесінде гүлденген баққа айналады.

Ал Қызылорда қаласын осыдан бірнеше жыл бұрын «ұшатын пакеттер қаласы» деп те атайтын еді. Қырымбек Көшербаев облысқа басшы болып келгеннен кейін қаланың коммуналдық қызметіне айрықша көзқарас танытып, оның жұмысы жаңаша бағытта өрбіді. Бүгінде қала тазалығы туралы, тұрғындардың тәртіптілігі жайлы жақсы пікір айтуға болады. Қалада ескі доңғалақтарды өңдейтін заманауи кәсіпорын жұмыс істей бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар тоқтамақ емес. Жуырда Астанада Қызылорда қаласында салынатын тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату жобасын қаржыландыру мәселесі де шешімін тапты. Жобаны жүзеге асыруға байланысты облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Еуропалық Қайта құру және Даму банкінің Қазақстан бойынша директоры Джанет Хәкман және Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Нұржан Ахатов ұшжақты алдын ала келісімге қол қойды. Аталған банк жобаны жүзеге асыруға 3,6 миллиард теңге көлемінде қаржы салады. Ең бастысы, жобаны жүзеге асыру кезінде Қызылорда облысының экологиялық жағдайы жақсарады. Яғни, полигонға жеткізілетін тұрмыстық қатты қалдықтар қайта өңделіп, кәдеге жаратылады. Шикізаттан мәселе жоқ. Қарапайым күнделікті тұрғындардың «кәдеге жарамсыз» деп тастаған қоқыстары өңдеуден өтеді. Жобаны жүзеге асыру арқылы өңдеудің басқару жүйесін дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жоба аясында қалдықтарды механикалық-биологиялық өңдеу кешенінің және жаңа санитарлық қоқыс полигонының құрылысы салынып, өндіріске қажетті құрал-жабдықтар, станоктар сатып алынады.

Еуропа елдерінде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға 15-20 жыл уақыт кетті. Бізде ондай уақытымыз жоқ. Өйткені, тездетіп, дамыған 30 елдің қатарына қосылуымыз қажет. Сондықтан да таза қалада өмір сүріп, таза ауамен демалып, таза су ішіп, экологиялық таза көкөніс пен жеміс-жидек жеу үшін коммуналдық қалдықтарға деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Бұл тек билік органдарының ғана емес, бәріміздің де айналысар мәселеміз.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



Жас ұлғайып, шау тартқан соң қаламның да аяғына тұсау түсіп, байқап басып, андап аттайтын болдық. Алдымен бұрынғы дағдымен көлденеңдеп келіп қалған тақырыптың қақпасына қалам тартпайтын болдық, тәуекелдің тізгінін тарта береміз. Екінші бір “кеселіміз” тандап, талғап оқытын болдық. Өйтпесен шыдамның шырқы бұзылады, оған екі көздің бұлдырауы қосылып, амалсыз кітап бетін жабасың. Дегенмен “үйреніп қалған бір саусақ тыпыршып тыным бермейді” демекші, кәсіби дағдымен “көрген жердегі ауылға” қиыстай беретінім де жасырын емес. Ол “ұрлығыма” екі түрлі дәлелім бар.

СҰРАПЫЛ КЕЗЕҢ ШЕЖІРЕСІ


Бірінші, ат арқасына мінгелі үнемі саясаттың сарбазы болып келген дос-інім Сәдуақас Ансаттың жаңа қоғамның “ырдуына” белсене араласқан азаматтық болмысын анықтау үшін қолына қалам алғандағы, кітап жазып, әділдіктің алдындағы ой-толғамдарын батылдықпен қағаз бетіне түсіріп жүргені. Аталған азаматтың “Сөзім – ұстанымым” деген кітапшасы туралы осылай деуге болады.

Екінші бір ықыласымды ерекше аударғаны, құлшына оқып шыққаным – “Мәдениеттік майдангерлер” деген нақты дерекпен өрнектелген кітап еді. Аты айтып тұрғандай, бұл шығармаға Жалағаш ауданындағы “Мәдениет” ауылынан аттанған майдангерлер өмірі мен ерлігі арқау болған.

Бұл күндері алапат соғыстың біздің жеңісімізбен аяқталғанына 70 жыл толу мерекесі дүние жүзінде ерекше аталып жатыр. Кейде мұны той деуге ауыз да бармайды. Өйткені Кеңес Одағы сол сұрапылда 27 миллион адамынан айрылды. Ал, Қазақстаннан майданға 1 миллион 200 мың адам аттанып, олардың 603 мыңы майдан даласында шейіт болды. Соғыс жылдары Қазақстаннан 20-дан астам атқыштар дивизиясы, бірнеше авиациялық полк пен теңізатқыштар бригадасы, бірнеше атты әскер бригадалары құрылып, ата жауға соққы берді. Соққы бергені бар болсын, жоғарыда айтылғандай, орны толмас шығынға ұшырап, қазақ жері қара жамылып, боздап қалды.

Ол қасіретке нақты мысалды әр ауылдан, әр отбасынан келтіруге болады. Мәселен, бір ғана “Мәдениет” елді мекенінен соғысқа 300-ге тарта адам аттанса, олардың жартысынан астамы майдан даласында шейіт болды. Ұлы Жеңістен соң әлгі ауылдастардан 100-ге жетпейтін адам ғана аман оралды. Көбісі ақсақ, шолақ, соқыр болып “мүгедек” деген атауды олжалап келді.

Бұл мәліметтерді осы быыл жеңіс құрметіне орай жарық көрген “Мәдениеттік майдангерлер” атты көркем безендіріліп Алматыдан шыққан кітаптан келтіріп отырмын. Кітап “Отан үшін окка ұшып майданда қаза тапқандар”, “Соғыстан қайтқан жеңімпаз сарбаздар”, “Жеңіс жырлары” және “Тұтқында болған сарбаздар” деп аталған төрт тараудан тұрады. Әр тарау нақты тарихи деректерге құралған. Мәселен, қаза тапқандардың суреті беріліп, олар жөнінде



нын қиған ерлердің қаһармандық қажыр-қайраты жыр болады. Шабытты жырлар асқақ оқылады.

Бұл кітап – Отан қорғау жолындағы шайқаста опат болған қандастарымызға орнатылған құнды ескерткіш. Кейінгі ұрпақты патриоттық, отаншылдық, ұлтжандылық, әділдік, қаһармандық рухта тәрбиелеуге болысатын, кейінгі ұрпақ өкілдерін еріксіз ойландыратын шығарма.

Енді осы еңбекті жарыққа шығарған азаматтар (оларды да патриот десе болады) туралы бірер сөз. Басты автор – елімізге еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, жоғары оқу орнында ұстаздық еткен белгілі жырау, сазгер Жұмабек Аққұлов. Ол Сыр бойы өнері мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып жүрген азамат. Оның белсене қатысуымен Сыр жырауларының үлкен тобы тәрбие мектебінен өтті. Жұмабектің қатысуымен осыдан біраз бұрын “Сыр сүлейін сұрасаң” (10 сағаттық) атты жыр-дискі жарық көрді. Одан кейін сол жігіттің жеке орындауында Тұрмағамбеттің термелері (24 сағаттық) және осы азаматтың қатысуымен әлемдік жыр жауһары “Шаһнама” (48 сағаттық) хикаясы дискіге жазылып, көпшілік қазынасына айналды. Ал, кітаптың екінші авторы Нұржанов Болатбек “Ішкі істер саласының үздік қызметкері” екен.

Ел қорғау жолында опат болғандар жайлы тындырымды іс атқарған авторларға да еңбектеріне аруақтардың шапағаты түсе берсін демекпіз.

Өтеген ЖАППАРХАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰАТЫ

Қасиетті Рамазан айына орай, облыстық ішкі саясат басқармасы және «Өркениет-Қызылорда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен бірнеше рухани шаралар өткізілді. Атап айтқанда, оразаның соңғы күні жастар арасында «Білімді ұрпақ – ел болашағы» атты рухани интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың басты мақсаты – жастардың рухани дамуына қолдау көрсету және бос уақыттарын тиімді пайдалану. Рухани шараға қалалық «Мүбәрәк», «Құддыс Ишан» және «Нұр» мешіттерінің дәріс алушы шәкірттері қатысты. Жастардың білімін саралауға дінтанушы Батырбек Убаев, «Нұр» мешітінің имамы Марат Дайрабайұлы және «Құддыс Ишан» мешітінің наиб-имамы Ербол Урановтар қазылық етті.

Сайыстың 1-ші кезеңінде қатысушылардың Құран ілімі бойынша тәжірибелері сараланды. Яғни, әділ қазылар тарапынан белгілеп берген жерден бастап, құран аяттарын жалғастыру шарты қойылды. 2-ші кезеңде жастар тарих, салт-дәстүр танымдары бойынша сынаға түсті. Бұл кезеңде жастарға еліміздің тарихы мен ұлтымыздың салт-дәстүрлері жайында

сұрақтар қойылды.

Сондай-ақ, Ораза айт мерекесі қарсаңында жастар арасында «Шынықсан, шымыр боларсың...» атты ұлттық ойындар сайысы ұйымдастырылды. Аталмыш жарыс қасиетті Ораза айт мерекесі күні, Айт намазынан кейін қалалық «Нұр» мешітінің ауласында ұйымдастырылды. Бұл спорт бойынша, әртүрлі жас аралығындағы азаматтар гир көтеру, арқан тартыс, асық ату, қол күрестіру сияқты сайыс түрлерінен өзара бақ сынасты. Жарысқа қала тұрғындары, мешіт жамағаты және басқа да қонақтар бірауыздан атсалысты.

Жарыс қорытындысы бойынша, қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, жүлде иегерлеріне ұйымдастырушылар тарапынан дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, басқа да қатысушылар арнайы алғыс хаттарға ие болды. Сонымен қатар, Айт мерекесіне орай тұрмысы төмен отбасыларына азық-түлік таратылып, бата-тілектер айтылды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІ ҚАСИЕТ

Жуырда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми кітапханасында «Қайырымдылық – ізгі қасиет» атты шара болып өтті. Шара қонағы ретінде Жалағаш ауданынан үйден әлеуметтік қызмет көрсетілетін 20 мүмкіндігі шектеулі бала қатысты. Мүмкіндігі шектеулі жандардың руханият ордасы – кітапханаға келуіне аудандық ардагерлер кеңесі мұрындық болып отыр.



Екі күнді қамтыған шара барысында балалар кітапханаға саяхат жасап, «суретті сөйлетін» жаңа кітаптармен танысты. Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлері арнайы ұйымдастырған «Сықырлы лото», «Ертегі кейіпкерлерін тап» ойындарын ойнап, сыйлық ретінде жаңа кітаптар иемденді.

Назерке БАЙДІЛДА,
ҚМУ-дың студенті.

● ЖАҢАЛЫҚ

Шиелі ауданының Піркөл ауылдық округіне қарасты Жансейіт ауылында Аллаға құлшылық ету үйі – жаңа мешіт ашылды. Сәулетті құрылыстың бой көтеруіне Шиелі ауданының «Құрметті азаматы», облыстық мәслихат депутаты Тілеуберген Шаутай қолдау көрсетіп, құрылыс жұмыстарының сапалы аяқталуын ұйымдастырды. Елге болсын дейтін көпшіл азаматтың бұл аудан көлеміндегі салдырған жетінші мешіті.

АУЫЛДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ ҮЙІ



Күн шұғылалы күмбезі алыстан көрінетін сәулетті мешіттің ашылу салтанатына алыс-жақын жердегі ағайын барынша мол қатысып, ізгі тілектерін білдірісіп жатты. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Тұрмағанбет Жағыпбаровтың кіріспе сөзінен соң құттықтауларға кезек берілді. Ауыл тұрғындарын айт мерекесімен құттықтап, имандылық үйінің шарапатын тілегендер қатарында Қ.Р. Парламентті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, аймағымызға белгілі

ардагерлер Абдолла Дәулетов, Базарбай Атабаев, Мәделхан Нәлібаев және басқа да ауыл ақсақалдары бар. Ауыл тұрғындары қайырымды жан Тілеубергенге құрмет көрсетіп, ат мінгізген еді, ол оны да мешіттің қажеттілігіне жұмсау үшін, ауыл имамына қолма-қол тапсырды.

«Жансейіт Ата» мешітінің ашылу салтанатынан соң арнайы ас беріліп, дұға бағышталды.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы.

● БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

ЖЕДЕЛ ІШЕК АУРУЛАРЫНАН САҚТАНЫҢЫЗ

Күн жылы бастағаннан түрлі жұқпалы аурулар да бас көтереді. Әсіресе жаздың ыстық күндері тіпті қауіпті. Жазда белең алатын жұқпалы аурулардың бірі – жедел ішек аурулары. Мамандардың айтуынша, мұнымен ауыратындардың көпшілігін 14 жасқа дейінгі балалар құраса, бұлардың ішінде 35-40 пайызы бір жасқа дейінгі сәбилердің еншісіне тиеді екен. – Жедел ішек ауруларының қоздырғыштары микроорганизмдер, бактериялар, вирустар, қарапайымдылар болып табылады. Олар қоршаған ортада, мәселен, жерде, суда, қоқыстарда көптеп таралған. Сонымен қатар олар тағамда ұзақ уақыт сақталып, кейбірінде өсіп-өнеді. Жедел ішек ауруларын адам қайнамаған су, дұрыс пісірілмеген сүт және оның тағамдарын ішкенде, тұрып қалған тамақтарды пайдаланғанда, көкөніс, жемістерді дұрыс жұмай жегенде, тазалық сақтамағанда жұқтырады. Міне, мұнымен ауыратын науқастар санының басым бөлігін балалар мен жасөспірімдердің құрауының басты себебі осы, – дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Жаннат Қожарипова.

Жалпы, жедел ішек ауруларына жедел дизентерия, іш сүзегі, сальмонеллез, тырысқақ және гастроэнтериттер жатады. Ағымдағы жылдың алты айында ауруханада 3634 науқас ем алса, соның ішінде жедел ішек ау-

руымен 980 адам емделген. Оның 227-н ересектер құраса, бала саны 753-ке жеткен. Ал оның 365-і бір жасқа дейінгі бөбектердің үлесінде. Өткен жылы аталған мерзімде жедел ішек инфекциясымен 1052 адам ауырып, оның 265-і ересектер болса, бала саны – 787, оның 347-н бір жасқа дейінгі сәбилер құраған.

Мамандардың мәлімдеуінше, жедел ішек ауруларына шалдығушылардың басым бөлігі Қызылорда қаласында тіркелуде. Осы орайда қала емханаларында жыл көлемінде ауызбен суландыру бекеттері ықпалды түрде жұмыс жасауда. Ауызбен суландыру әдісінің тұрғындар арасында, әсіресе бес жасқа дейінгі балалар арасында жедел ішек инфекциясы аурушандығын төмендетуде өз тиімділігін дәлелдеген тәсіл екенін айтады мамандар. Мәселен, үстіміздегі жылдың бес айында диареяның А, Б түрлерімен ауырған 1051 бала ауызбен суландыру бекеттерінде жүргізілген ем нәтижесінде үйлеріне қайтарылып, тек алты пайызы ғана облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызылғаны белгілі болды.

– Жалпы, адам ағзасына жедел ішек инфекцияларының қоздырғыштары түскеннен кейін бірнеше сағаттан соң немесе 1-2 күнде ауыруы мүмкін. Мұндай жағдайда науқаста әлсіздік пайда болып, басы ауырады, жүрегі айнып, лоқсиды, сұйық нәжіс пайда болады. Дене қызуы көтеріліп, тамаққа

тәбеті азаяды. Іш өтуі күніне 4-5 реттен 10-15 ретке дейін болады. Ауру осы аталған белгілердің бір-екеуінің пайда болуымен екі-үш күнде жеңіл түрде өтуі мүмкін, бірақ науқас айналасындағыларға қауіп төндіреді. Сондай-ақ, ауру одан әрі мендеп, науқасты ауыр жағдайға жеткізуі мүмкін. Сондықтан сырқаттанған жан тез арада дәрігерге көрініп, ем қабылдағаны абзал. Сальмонеллез, дизентерия ауруларында науқас санылы түрде дәрігер тағайындаған емді қабылдмаса, бактерия тасымалдаушылық дамып, қауіп күшеюі мүмкін,– дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Жаннат Шайхисламқызы.

Осы орайда ол аурудың алдын алу, онымен күресу бағыттарындағы ақпараттық-насихаттық жұмыстарға барынша көңіл бөлініп отырғандығын атап айтты. Мәселен, ауруханада сала мамандарының қатысуымен халық көп шоғырланатын орынның бірі – «Сыбаға» базарында көпшілік арасында жедел ішек аурулары мен тағамнан уланудың алдын алу мақсатында санитарлық ағарту бағытында кең көлемді акция өткізу жолға қойылса, жергілікті басылым беттерінде аурудан сақтану тақырыбында түрлі мақалалар жариялануда. Сонымен қатар, облыстық, қалалық деңгейде емдеу алдын алу мекемелері арасында семинар, конференциялар өткізілуде.

Айнұр БАТТАЛОВА.





Аралдың асыл сынығындай көгілдір Қамбаш көлінің жағасында балықшылардың І слеті өтті. Араға тура жарты ғасыр салып оралған теңіз еңбеккерлерінің көзайым мерекесі еді бұл. Өшкен жанып, өткен тірілгендей болған бұл оқиға неше сын, неше қысталаңнан өлмей өткен бір өміршен дәстүрдің биік рухын да көрсетті.

ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАҢДАУ

Осы қуаныш үстінде аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев көптен күтулі бір жақсылық лепесті елге жеткізді: Солтүстік Арал теңізін көтеру жұмысы жыл аяғына дейін басталатын болады.

Бүгінгі шындығымыздың жарқын жеңіс, толымды нәтиже сипатты көптеген игіліктері бастауында табанды ізденіс, бейнетті еңбек, тіпті, күмен салқынымен күрес деген іс-қимыл алабы жатыр. Жеңіс оңайлықпен келе қойған ба? Ең айқын деген мақсаттар жолының өзінде, шүбә салқынымен күресе, үміт пен сенімді орнықтыра, биік мұраттарға жол ашу мысалдары аз емес. Бұл, жалпы, өмір диалектикасының бір парасы десе де болар еді... Еліміз қол жеткізген ұлы-кішілі жеңістер қатарында, Астана төңірегіндегі орман алабын өсіруде, ғалымдар мен мамандардың «шүбәлі» есебін бұза отырып, ойдағыдай жүзеге асырылған шаруалар, Оңтүстік өңірлердің соған ұқсас проблемалар жағдайында, су үнемді, аса тиімді жүзімдіктер алабын кеңейтуге қол жеткізу – сондай, талмас ізденіс, табанды ұстаным, қажырлы еңбек нәтижелері деп айтар едік. Бұлар – Елбасымыз атап көрсеткен, ізденіс, күрес жолдарының бірегей мысалдары.

Арал мәселесі де осы іспетті үдеріс алабынан өткенін айта кеткен жөн.

Елбасымыздың Сыр бойына сапарында мән бере атаған Арал өңірін өркендету бағытындағы жұмыстар ауқымы – аймақтағы сан-салалы іс-әрекеттер өрісінде, тұрақты түрде күн тәртібінде тұр. Сыр бойының өмір тынысы, әлеуметтік, экономикалық бағыттардағы бастамалары елдің көз алдында. Бітер істің байыпты нышанындай, дабыра-дақыртқа көп қол арта бермей ғана атқарылып жатқан Солтүстік Арал теңізін көтеру ісі де сол, жоспарлы, мұратты мақсаттар қатарынан. «Ораймен бітер істің нәтижесін басталуынан байқау керектігін» айтқан Абайдың даналығы ойға оралады осы орайда.

Ел саясаты Солтүстік Арал теңізін біртұтас көтеру жолын таңдады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Сыр бойына келген сапарында халық тілегін, ел-жер мүддесін ескере, салмақты мәселенің шешу жолдарын нақты алға қойды. «Мен Арал теңізіне көмектесем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын!» деген Елбасы сөзінің кезеңдік жүзеге асуы осылай көрініс тауып жатыр.

Бұл орайдағы ел-жұрттың алғыс сезімі шексіз.

Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру мен Сырдария арнасын реттеу бағдарламасын жүзеге асыру жолында аймақ басшылығы Елбасымыздың тапсырмаларына орай, қыруар жұмыстар тындырып жатқанына тілекші ел қуа. Бұл тақырыпты өткенде тілге тиек еткен бір ой-пайымымызда, облыс басшылығының Арал өңірі халқының көп жылдық тілек-өтінішін ел саясатына жалғауда атқарған «алтын көпір» миссиясын, солай, Арал мәселесінде демократиялық үдерістің бір жарқын мысалы жүзеге асып жатқанын айтқан болатынбыз. Бұл үрдіс жақсы жалғасын тауып жатыр. Облыста осы уақыт ішінде Дүниежүзілік даму банкі өкілдерімен бірнеше нәтижелі кездесулер, Сыр ағысының жоғарғы жағында орналасқан көршілермен «Кіші Арал» мәселесінде бәтуалы бір тұғырға келу келіссөздері, САРАТС-2 жобасының құрамдас бөліктерін бір-біріне ұтырлы үйлестіре, тиімді ұшқастарға жалғау жұмыстары жүргізілді. Әлемдік қаржы дағдарысы бедерінде, жобаның мақсат-бағыттарын тоқыратып алмау үшін, 6 құрамдас бөлік жұмыстарын кідіртпей бастай беруге шешім қабылданды. Бұл бөлік жұмыстары осы күні ұйымдастыру, қаржыландыру кезеңіне аяқ басты.

Әйтсе де, «сегіз ұлым бір төбе, Ертістігім бір төбе» дегендей, САРАТС жобасының шоқтықты мәселесі – Солтүстік Арал теңізін көтеру ісі еді. 2005 жылы бұл жобаның бірінші кезеңі жүзеге асқанда, «Көкарал» бөгетінің жотасы 44 метрге, Кіші Арал суы 42 метрге жетіп, елді бір марқайтып тастаған. Сонан бері, осы деңгейді ары дамытып, «Кіші Арал» суын 48-50 метрге көтере жеткізу мақсаты аса ділгір түрде алда тұрды. Сөйткен жағдайда, өмірге қайта оралған бұл айдын – жұртшылық тілегі, ел мүддесіне толымды жауап бере алатын нұсқада жүзеге асатын еді. Міне, осы талаптың жолы, жоғарыда мысал келтіргеніміздей, шүбәлі-соқтықпалы болды. Шүкір, бұл ретте үміт, сенім, ізденіс, табандылық өзінің оң нәтижесін берген сынайлы.

Сондай нәтижеден ел күткен игілік бағыттары да сан-салалы. Ең бастысы, Арал болашағына деген халық сенімі бекем тартты. Кезінде, экологиялық-әлеуметтік мәселелер себебінен төрт құбылаға шашырап кеткен ағайынның Арал өңіріне қайта оралып келу мысалы көбейе бастады. Бұл жақсы нышан. Кіші Арал толысуы, ғалымдар жобасынша, бірнеше жылдарда, ал бәлкім, табиғат ұйғарымында, тіпті, он есе шалтыққа жүзеге асар, әйтеуір, бұл уақыт теңіз жұрты үшін «бос күту» кезеңі болмайды. Үмітті-талапты халық бері жылжыған теңізінің әр сәт, әр сүйемінінен ұтырлы тірлік көзін табатын болады. Әсіресе, елге үміт берген бұл бастама – халықты ұйытушы, біріктіруші, қауымдастырушы фактор болмақ.

Кешегі, дәуірлі шағында бүкіл Аралдан ауланған 500 мың центнер балықтың жарты көлемі шама-сын, осы, Солтүстік теңіз берген еді. Енді, онымен

салыстырғанда, «Кіші Арал» ертеңінен күтулі 300 мың центнер балық көлемі – көңіл марқайтар, биік меже. Демек, баламасы өзге еш әлемде жоқ экодүние жаңа тыныс алады. Бірегей балықшылық дәстүрі қайта жанданады. Жаңа кәсіпорындар ашылады. Бір кездері Арал қаласында ірге тепкен Орталық Азиядағы бірден-бір және бірегей кеме жасау ісі қайта жандануы мүмкін. Жаңа заман үрдісінде – туризм кластері бұл өлкенің өмір салтына енгелі отыр. Берісі – Ақтөбе, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, арысы – бүкіл ел аумағы және алыс-жақын шетел ет, сүт, балық өнімді, аспанын бұлт шалмайтын, жағажайлары жайлы, әуе, теміржол, автожолдар бойында қолайлы орналасқан теңіз игілігін көретін болады... «Сыр – Арал – Торғай – Қорғалжын...» халықаралық экологиялық «дәлізі» жанданады. Төменгі Сыр бойының да экологиясы оңала бастайды. Және Сарышығанақ басаты осы Кіші Арал құрамында толыққанды тірілетін болады.

Мамандар «Кіші Арал» суының жиегін Балтық жүйесі бойынша 48 метр деңгейге көтеруді межелеген. Дегенмен, осы суды ел тілегіндегі 50 метрлік биікке көтере «пішсе», күтулі игіліктер мен нәтижелер ауқымы еселеп артар еді. Яғни, «Көкарал» бөгетінің



«беріктік запасын» 50-52 метр деңгейге биіктете көтеру нұсқасына қол жеткізсе!.. Себебі, болашақта Тұранға келер үлкен су көздері ашылуы мүмкін. Елбасымыз саясаты мен еліміздің бұл жолдағы ізденіс бағыттары осыған үлкен үміт көзін ашып отыр. Себебі, бұл – Аралға жарты ғасырда берілген бір сирек тарихи мүмкіндік. Мол пішіліп жүзеге асырылған жоба тарихтың қай кезеңінде де өзінің игі нәтижесін бере берері даусыз. Дүниежүзілік даму банкінің үлесі қаражаты да (85%), Республика бюджеті үлесіне түсуі мүмкін қаржы шығыны да (15%) бұл орайда молынан және ұзақ тарихи кезеңде қайтып отыратынын ескерген жөн (теңіз факторы, экология, балық, туризм кластері, әлеуметтік нәтижелер...).

Ал жетімді су мәселесі... Сырдариядағы сыбағалы үлесімізде «Кіші Аралға» жетерліктей су бар. Сонымен қоса, Солтүстік Арал теңізі факторы – Оңтүстік өлкелерде су тұтыну, пайдалану, үнемшілдік, агротехника және экология мәдениетін көтеру мәселелеріне елеулі ықпал ететін құбылыс болмақ. Бұл – кешенді және ауқымды мәселе. Сыр бойындағы экологиялық мәдениетті көтеру ісінің басты мәні не? Бұл шаралар Арал теңізі факторымен нақты мазмұнға, міндетті жұмыс сипатына ие болмақ. Өлкедегі тірілген теңіз болмысы, жалпы, Сыр алабындағы су бөлу, реттеу, пайдалану дәстүрін оңалтушы, ынталандырушы, экология мәдениетін көтеруші бірегей фактор болмақ.

Кіші теңіз – әлем үшін жойылуға қараған Арал экодүниесін сақтап қала алатын бірден-бір теңіз жәдігері, бірегей мүмкіндік. Сыр алабында осы мақсатқа үлесті су бөлуді халықаралық саясат тетігінде жолға қоюдың да зор негізі бар және осыны заңдастыру үлкен жеңіс болған болар еді. Асылы, Арал мәселесінде, бүгінгі таңда, Сыр суына еш балама жоқ. Дария салауаттылығы, жақсы көршілік қатынас, Орталық Азияның ортақ тағдырына деген түсіністік көзқарас еліміздің қажырлы ішкі-сыртқы саясатының арқасында сындарлы бір арнаға түседі деген сенім бар.

«Көксарай» су реттегіші, елге жария етілген өз мақсатына лайықты түрде – Арал теңізін жандандыру мақсатында, осы үдерістің бір елеулі тетігіне айналады деп күтіледі. Бұл жайтқа да тиісінше назар аудару – аса ділгір шаруа.

«Жақсылық қылсан, бүтін қыл!» дейді дана халқымыз. Жарты ғасырдан астам аса ауқымды экология қыспағын бастан кешкен Арал жұртшылығының, қандай жағдайда да, осынау игілікті нәпақана сұрауға да, күтуге де, енді, толық моральдық негізі бар.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев, осынау ел-жер тағдырына алаңдаулы ағайынның көпжылдық тілекті сұранысын терең ұғынып, осы мәселені ел саясатына сәтіммен жалғастыра алды. Аймақ басшысының осы бағыттағы мұнан кейінгі ізденістерінде де, әлемдік қаржы дағдарысы бедерінде, трансшекаралық су мәселесінің күрделілігінде, жалпы, аталмыш проблеманың алып ауқымы факторында, бұл жұмысты көздеген мұрат бағытында алып жүруі оңайға соққан жоқ. Бұл азаматтың қажыр-қайраты, бедел-әлеуетін зор сынға салған жұмыс болды. Шүкіршілік, нәтижесі елдің ендігі сенімі мен үмітін бекем тұғырға орнықтырған игілікті іс түрінде көрініс тапты. Бұл жұмыстар бір сәт те назардан тыс қалып, өрімі еш жағдайда селкеу тартқан емес.

Қазақ қай талапта да ертеңді терең ойлап, мәселені кең пішкен ел ғой. Проблемасы қордалы Арал жағдайында бір орайы келген осы тарихи мүмкіндік ертеңге деген ауқымды көзқарас пен көрегендік үлесінде шешілу жолына қойылды. Бір мысал: Ресей бүгін жедел түрде қолға алып жатқан «Керчь көпірімен» салыстырғанда, Көкарал бөгетін көтеру 30 еседен астам (!) арзан екен. Ал оның моральдық

мазмұны мен тұтас бір теңіз акваториясын тірілтіп, еліміздің Оңтүстік өңірлерін Батыс аймақпен қысқа жолмен жалғайтын экономикалық, стратегиялық қайтарым мәні сонау біз салыстырып отырған нысаннан кем түспейтін сынайлы.

Бұл нәтиже толымды Кіші Аралымен ғана сондай маңызға ие болмақ.

Қазіргі жобамен «Кіші Арал» бөгеті 17,5 шақырымға ұзарары. Жотасы 7,13 метрге көтеріледі. Теңіз суының тұзы, төл балығы өрістей алатын, 14 мг/литр деңгейге түседі. Теңізде 22-ден астам балық түрі өрістейтін болады. Алғашқы шамада 15 мың тонна балық ауланса, түпкі жоба – 30 мың тонна. Кеме қатынасы, туризм жанданып, экология оңалады. Құрылыс бағасы 23,2 миллиард теңге. Біз енді осынау игілікті жұмысты бастауға дайынбыз деуге толық негіз бар.

Аймақ басшысы, ұзақ жылдар бойлы күтулі бұл жұмыстың, биылғы, берекелі қой жылының соңына шейін басталатынына ел жұртшылығын сендірді. Аталмыш, ақсолттай мерекенің мәнді мәйегі де осы болды.

Біз көз алдымызда жүзеге асып жатқан істердің тарихи, кезеңдік мән-мағынасын, кейде, толық мәнінде бағамдап, ұғына бермейміз. БҰҰ Бас хатшысының өзі арнайы сапармен келіп, ол кісінің өз сөзімен айтқанда, «күйзелісті жағдайды бастан кешірткен» ғаламдық Арал проблемасын оңалта бастаудың бірінші, нақты қадамы Қазақстанда жүзеге асқалы тұр. Солтүстік Арал теңізін тірілту – ғаламдық мазмұнды, аса алып бастама. Бұл, шын мәнінде, ғасырлық ауқымды құрылыс.

Ал проблема қордасы қалың. Әлемдік қаржылық та, экономикалық дағдарыс дүниені шаң қылып тұр. Дариялар бойындағы су мәселелері аса қордалы деген көзқарас догмат түрінде әбден қалыптасып қалған... Өркім көрпені өзіне қарай тартқан ұстанымдар бар төңіректе... Міне, осы сипатты жағдайларда, әлем көз тіккен «Арал тығырығын» бұза, бірінші батыл қадам жасау – еліміздің мойындалған әлеуетінің бір мықты мысалы болғалы тұр. Мұндай шаруалар зор қажыр-қайрат, табанды іс-ізденістермен ғана өмірге келіп жатқаны ақиқат. Мұның бір парасы – күн тәртібіне қойылған бір деңгейлі «Кіші Арал» идеясы.

Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ,
жазушы, эколог.
«Егемен Қазақстан» газеті.
21 шілде, 2015 жыл.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР



Деңгейлі бағдарлама курстарына басшылық ететін мектебімізнен менен бұрын да талай-талай мұғалімдер білім алған. Білім беру саласындағы осы өзгерістер туралы мәліметім болса да алғашқыда оның кейбір тұстарына сенімсіздеу қарағаным рас. Себебі, дәстүрлі оқыту мен мектепті басқарудың қалыптасқан ережесінде жоспарлау, бағалау, басқару тікелей тек мектеп басшылығының құзырында және жауапкершілігінде болатын. Көптеген мемлекеттердің білім беру тәжірибесінде қолданған және жоғары нәтижелерге қол жеткізген сындарлы оқыту технологиясы менің де көзқарасымды шындады, бекіте түсті. Толық өзгеріске ұшырадым деп айта алмаймын, себебі бұл курстың көздегені – менің іс-әрекетімде бұрыннан табылатын. Астана қаласында мектеп басшыларының білімін жетілдіретін педагогикалық шеберлік орталығында өткен үш айлық курста мен жаңадан теориялық білім және серпін берер жаңаша бағдар алдым. Тосылғанымда амал, қателескенімде шешім және мол рухани күшке қол жеткіздім.

Мектептегі тәжірибе кезеңінде жаңа білім мен жаңаша дағдыларды өз бойымнан өткізе бастағанда бағдарламаның негізгі идеясын анық түсіндім. Ондағы негізгі басымдық ынтымақтаса оқыту ортасын құру. Шынымен де жеке мұғалімнің өзіне тән мүмкіндіктері мен ерекшеліктері бар. Бірақ жалғыз өзі жетістікке жету – бұл ескірген тәсіл, бүгінде ол келешегі жоқ іс-әрекетке айналды. Бірлесе жұмыс жасау – экономикада, мәдениетте, ауыл шаруашылығында, өндірісте – барлық салада көрініс табады. Білімдегі бірлескен әрекет бұл – басшылық пен мұғалімнің, мұғалім мен мұғалімнің, оқушы мен мұғалімнің, оқушы мен оқушының, ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысы. Ал, бірлесе жұмыс жасау, ауызбіршілікте болу – бұл бізге бабалардан қалған дәстүр, халықтық педагогиканың да насихаты емес пе? Ендеше, деңгейлі бағдарлама – ескінің озығы (үздігі) мен жаңаның жақсы тұстарының қосылуы. Алғашында тосын естілген жаңа терминдер қазір мен үшін нәтижеге апаратын қарапайым қадамдар іспеттес. Ең маңыздысы, жоғарыда айтылған курста оқи отырып мен өз командамның энергиясын қалай шоғырландыруды, қалай ынталандыруға және бағалауға, шығармашылық қабілеттерін ашып, дамытуға болатынын үйрендім. Тиімділік үшін және тиімді командады дамыту – мектеп көшбасшысының міндеті, оны әрі қарай алып жүретініне сенімдімін.

Менің түйенім, егеменді еліміздің болашағы білім жүйесін өзгеріске әкелетін бұл жаңа бағдарлама – мұғалімдер мен директорлар корпусының алдында тұрған үлкен міндет. Сол міндетті дұрыс түсіну, әрі қарай дұрыс жұмыс жасау мен үшін үлкен абырой. Осы курстан кейін жаңаша ойлап қана қоймай, мектебімде жүргізілетін іс-әрекеттер мен шараларды жоспарлау, олардың даму барысын эволюциялау әдіс-тәсілдерін қарастырамын. Нәтижесінде, оқушыларымыздың білімі артып, оларға білім беретін мұғалімдеріміздің жаңа бағдарлама аясында тәжірибелері молайып, мектептің алға қарай дамуына ықпал ете алатын басшы пайда болатынына сенемін.

Жаңа бағдарламаның мақсаттарын айқын ұстанып, оны басшылыққа алған еліміздегі барлық әріптестеріме сәттілік тілеймін.

Қайрат АЛНИЯЗОВ,
№57 орта мектеп директоры.
Арал ауданы.



ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

Бұл өмірге кімдер келіп, кімдер кетпей жатыр. Ол – өмірдің заңы. Ал өмірде өзінің барлық ықыласын, күшін, еңбегін, ойын, жігерін адамға жақсылық жасауға, ел-халқы үшін қызмет етуге арнаған ер тұлғалар кездеседі. Олар бұл өмірден өтсе де, елдің сүйіспеншілігіне бөленіп, ел үшін атқарған қызметі аңыз болып айтылып, халықтың жүрегінде ұмытылмай сақталады. Сондай, өмірде сирек кездесетін ірі тұлғалардың бірі, қазақ халқының мақтанышы, қала берді бұрынғы Кеңес Одағының Батыры, КСРО Жоғарғы Кеңесі 4 шақырылымының депутаты болған Жәлел Қизатовты айтуға болады.

ЕКІ МАЙДАННЫҢ БАТЫРЫ

Ол 1940 жылы ауылшаруашылық техни- кумын бітірген соң, Қызыл армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысы басталғаннан бастап, қатардағы жауынгерден майор дәрежесіне жеткен. Ұлы Отан соғысында 1418 күн майдан даласында қан кешіп жүріп соғысқан. Соғыста Жәлел ағамыз Одесса, Керчь, Сталинградты қорғауға, Украина, Бе- лоруссия, Польшаны фашистерден азат етуге қатысып, Германияны алды.

1944 жылы қаңтардың 15 күні Днепр өзені үшін болған шайқаста аса зор батырлығымен ерлігі үшін сол кездегі аға-лейтенант Қизатов Жәлелге Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Бұл атақ қазақ халқы үшін ұмытылмайтын ерліктің наградасы еді.

Жәлел Қизатовтың соғыстан кейінгі өмірі елге қызмет етуге арналды. 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысының со- вет аудандық партия комитетінің хатшысы- нан бастаған ол 1952 жылы ҚКОК жанындағы жоғарғы партия мектебін бітірді. 1947-1954 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының Совет атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Сонымен қатар, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Сол кезде КПСС Орталық партия комитетінің Қазақстанда тыңайған жерді игеру жөніндегі қаулысы шығып, Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Хрущев қатысқан жи- налыс болады. Сол жиналыста Қазақстанда тың және тыңайған жерді игеру жөнінде үлкен әңгіме болады. Оған Советтер Одағы бойынша халықтарды, әсіресе орыс халқын көшіріп әкелу жөнінде тиісті қаржы, техника- лар, тұқымдар бөлінетіні айтылады. «Сөйтіп, жергілікті халықсыз-ақ тың жерді игереміз. Көшіп келгендерге үкіметтің қаржысымен жаңадан үй салып, жаңа поселка жасаймыз», – дейді Н.Хрущев. Бұл жөнінде кімде қандай ұсыныстар бар дегенде ойланбастан Қизатов “жергілікті халықсыз да тың жерді игереміз” дегесін, қол көтеріп, шығып сөйлеуге сөз сұрайды. Мінберге шығып алып, ағамыз сөйлей бастайды. «Никита Сергеевич, тың, тыңайған жерді игеру деген КПСС Орталық партия комитетінің жақсы бастамасын, біздер біріншіден қазақстандықтар қолдаймыз. Екіншіден, Қазақстан мұны бұрын неге бас- тамады деген сұрақ туады. Өйткені, оны игеретін қаржы, техника, жанармай болмады. Солтүстік Қазақстан облысында тың жерді игеруге жергілікті адам жеткілікті, көбісі жұмыс таба алмай жүр. Тек қана қаржы, тех- ника, тұқым, жанармай берілсе, өзіміз-ақ тың, тыңайған жерді сырттан кадр әкелмей-ақ игереміз. Осындай жағдай кейбір облыстар- да кездеседі. Сондықтан Сізге осы жағдайды ескеріп, Солтүстік Қазақстан облысына сырт- тан басқа республикадан кадр әкелмей-ақ тың, тыңайған жерді игерсек деген ұсынысым бар», - дейді.

Н.Хрущев, Жәлел Қизатовтың сөзінен кейін ашуланып: – Бұрын тыңайған жерді

игерсеңдер қайда қалдыңдар? Сырттан адам әкелме деуін, ол сылтау, мұны КПСС Орталық партия комитетінің саясатына қарсылық деп білеміз. Сондықтан Қизатов жолдасты жина- лыстан соң арнайы қараймыз, – дейді. Жи- налыстан кейін қарап, жаңағы ұсынысы үшін аудандық совет атқару комитетінің төрағасынан және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутатынан қайтарылып алынады. Жәкең бұндай әділетсіздікке мойымай, берген төмендеу жұмысын істеп жүре береді.

Кейін өмірдің өзі көрсеткендей тың, тыңайған жерді игеруге сырттан әкелген кадрлардың бәрі тұрақтамай, келген жағына кетіп қалды. Тың игеруде сырттан адам әкелмей-ақ берген қаржы мен техниканы игеріп, оны іске асыруға болатынын өмірдің өзі дәлелдеді.

Жәлел Қизатов үлкен басшылардың ал- дында тапжымай, жалтақтамай, артымда ел бар-ау, оны мен айтпасам кім айтады деп, жеке басына қиын болса да, жоғарғы басшы- лар жақтырмаса да турасын айтатын батыр еді.

1957 жылдан бастап Қызылорда облы- сына астық өнімдері басқармасына бастық болып қызмет істегенде, көптеген нәти- желі жұмыстар атқарды. Атап айтқанда облыстағы астық өнімдерін қабылдайтын мекемелердің материалдық-техникалық ба- засын жақсартуға ерекше көңіл бөлді. Сол кездегі Одақтағы астық өнімдерінің министрі Нұрадинов республикалық облыстық партия органдарының шақыруымен облысқа келіп, аралап көріп, материалдық-техникалық ба- засын жақсартуға көмектесті. Нәтижесінде күріш өнімдерін өңдейтін және ұзақ уақытқа сақтайтын элеватор салудың мәселесі шешіліп, Қызылордадан салынады. Кейін он- дай элеватор күріш өнімінің алыбы Жалағаш ауданында салынды.

Ағамыз Жәлелді Байқоңырдағы космодромның, Арал теңізі мен экологиялық жағдайдың нашарлауы қатты ойландырды. Адам болып өмірге келгелі бар өмірін халқына қызмет істеуге арнаған кісі, денсаулыққа зиян келтірмеуге, оның зардабын азайтуға қатысты ойлармен жүрді. Сонымен ойлана келе “СССР Жоғарғы Советіне депутат сай- лауы болайын деп жатыр, неге соған іскер, өзі денсаулық саласын жетік білетін, бас- шы кадрды тауып, халыққа айтып, депутатқа ұсынып сайламасқа?” деген ой келеді. Сөйтіп, КПСС Орталық Комитетіне, СССР Минис- трлер Советіне, Одақ министрінен бастап, олар арқылы ұсыныс бергізіп, неге жаңа типті аурухана салмасқа, сондай-ақ жаңа ме- дицина құралдарымен жабдықталған жаңа диагностикалық орталық Қызылорда қала- сына керек емес пе? Соның бір айғағы, СССР Жоғарғы Советінің депутатын сайлайтын науқан алдында ол кісі танертең кеңсесіне мені шақырды. Шақырған уақытында ба- рып, сәлемдескеннен кейін, «қазіргі облыстық

аурухананың бас дәрігері Тұрғанбай Маха- нов сенің досың көрінеді, осы рас па?» – деді. «Иә рас, мектепте 10 класты бірге оқығанбыз» дедім. Ол кісі туралы қандай жақсы қасиеттерін білетінімді айттым. Қасында өзі қатарлы, ел билеген жиырма шақты ағаларымыз бар екен. Сөйтіп, осы облыстық аурухананың бас дәрігері Тұрғанбай Махановқа тұрайық, оған қалай қарайсыңдар деп еді, бәрі бірауыздан өте дұрыс деді.

Көп ұзамай Жәкең бастаған ақсақалдар Тұрғанбайды көндіріп, оны депутатқа ұсыну науқаны басталды. Сөйтіп, Тұрғанбай Ма- ханов өз ұжымында, облыс ардагерлерінің қолдауымен СССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа ұсынылды. Көпұзамай облыстық партия комитетіне жоғары жақтан нұсқау келіп, бұрын Жоғарғы Советке депу- тат болған күрішшіні қайта ұсынуына байла- нысты Махановтың кандидатурасы тіркелмей қалады. Бұл жайды ести сала Жәлел ағамыз бірден облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Еркін Әуелбековке барады. Ол кісі айтады, бұл жоғарғы жақтың тапсырмасы, күрішші өтуі керек. Сонда Қизатов: – Бұл қалай? Қазір демократия емес пе, ол бұрынғы сайлауда СССР Жоғарғы Советінің депутаты болғанда сөйлемей, облыстың экологиясы, Арал теңізінің тар- тылуы жөнінде бір ауыз әңгіме айтпаған адам, қалай тағы да депутат болады? – дейді. «Егер де, сіз тіркеуге рұқсат бермесеңіз, онда Қазақстан Орталық Комитетіне Колбин- ге телеграмма беремін» – дейді де шығып кетіп, ҚКП-ның бірінші хатшысы Колбин- ге “Ауелбеков душить демократию” деп те- леграмма береді. Кеңес Одағының Батыры Қизатовтың телеграммасын алғаннан кейін, Колбиннен облыстық партия комитетіне және Қизатовтың атына “Т.Махановты СССР-дің депутаттығына кандидат болуға сайлау ко- миссиясы жағынан тіркеуге қарсылық бол- масын” деген телеграмма келеді. Сөйтіп, Жоғарғы Совет депутаттығына Т.Маханов кандидат болып тіркеліп, көп ұзамай ба- сым дауыспен депутат болып сайлан- ды. Т.Махановтың Жоғарғы Советке депу- тат болып сайлануы арқасында Қызылорда қаласында диагностикалық орталық салынды. Сол кездегі КСРО Денсаулық сақтау министрі Чазовты Қызылордаға келтіріп, Аралға дейін самолетпен көрсетіп, жаңа типті облыстық аурухана салуға және диагностикалық орталыққа жаңа құрал-жабдықтарды алуға уәде береді. Ол кісі уәдесінде тұрып, депутат Т.Махановтың тынбай жұмыс істеуі арқасында аурухананың құрылысы тез арада салынып, 1999 жылы бітеді. Оның алдында сол кездегі облыс әкімі болған Сөйлібек Шаухамановтың тікелей басшылығымен және Махановтың қатысуымен диагностикалық орталықтың құрылысы салынды. Міне, Кеңес Одағының Батыры, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депу- таты Жәлел Қизатов ағамыздың алдын бол-



жайтын көрегендігінің арқасында жоғарыдағы әлеуметтік елеулі нәтижеге жеткізді. Сөйтіп, Қазақстанда теңдесі жоқ жаңа талапқа сай медициналық орталықтың салынуы, сондай- ақ жаңа типті диагностикалық орталықтың пайдалануға берілуі, экологияның зардаптары үшін күресуде үлкен күш болды.

Сол кездегі Жәлел ағамызды ойландырған бір жағдай Аралдың тартылуына байланы- сты, экологиялық зардаптардың күшеюі еді. Бұның тек қана Қызылорда облысы емес, көрші жатқан Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларына да әсері тие бастады. Бұл жағдайды қалай шешу- ге болады, дүние жүзінде осындай жағдайды шешетін қандай тәжірибе бар деп, дамыл тап- пай жан-жақты зерттей бастады. Сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшы- сы Еркін Әуелбековпен кездесіп, ақылдасып, алдымен бұл мәселені республика басшыла- рымен, депутаттардың алдына, одан кейін КПСС Орталық партия комитеті мен Минис- трлер Советі мен Одақ депутаттарының ал- дына мәселе етіп қойыық деп шешеді. Сөйтіп Жәкең алдымен Президенттің қабылдауында болып, Аралдың экологиялық зардабын толығымен жеткізген азаматтардың бірі еді. Осындай жан-жақты жұмыстардың нәтижесінде Үкіметте, Парламентте Аралдың экологиясы жөнінде заң жобасы дайында- лып, зардап шеккендерге, экологиялық ко- эффициент төлеуді, тағы басқа жеңілдіктер қаралады. Арал теңізінің тартылуын болдыр- мау жөнінде көрші елдермен бірігіп, қаражат шығарып, нақты іске асыруға кіріседі. Іргелі істердің қозғалуына септігін тигізген, үнемі, халық үшін қызмет істеуді ойлайтын Жәлел Қизатов тек қана Ұлы Отан соғысының ба- тыры емес, бейбіт өмірдің келелі, манызды, халыққа пайдасы тиетін жоғарыдағы тари- хи ірі мәселелерді шешуге себебі тиген еңбек майданының да батыры еді. Сыр елінде 48 жыл қызмет істеп, өзінің туған жеріндей болған елін қимай Жәкең орта жасқа келгенде, жерлестері Көкшетауға шақырса да бармады.

Міне, осындай ерекше туған, еліне, халқына бар жан-тәнімен берілген батыр еді ағамыз. Еліміз тәуелсіздік алып, еркіндік алғаннан кейін, жүрегімен қуанып, оның ірі проблемасын шешуге қомақты үлес қосты. Өмірден өтсе де мұндай асыл адамдар халықтың жүрегінде ұмытылмай мәңгі қала беретініне сенеміз. Бұл кісіні еста сақтау үшін есте қалдыру шаралары қолға алынса, артық болмас еді.

Ж.САРБАЛАҚОВ,
экономика ғылымының докторы.

ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРІ ЕДІ

Ұлы Отан соғысы бейбіт өмір сүріп жатқан қаншама отбасын бақытсыздыққа душар етті. Осы- нау зұлмат жылдарда қан майданда және тылда аян- бай еңбек еткен жандардың бірлігінің арқасында қаһарлы жаумен жұмыла күресіп, Ұлы Жеңіске қол жеткіздік. Сол соғыстың ауыртпалығын халық әлі ұмыта қойған жоқ.

Бүкіл дүниежүзін билеп-төстеуді мақсат еткен гитлершіл фашистердің біздің елімізге тұтқиылдан жасаған шабуылына қарсы тұрып, елі мен жерін қорғау әрбір азаматтың адал да қастерлі борышы еді. Сол соғысқа Арал- дан мыңнан астам ер азамат елін қорғауға аттанса, олардың көбісі майдан даласынан елге оралмады. Оралғандары аяқ-қолдарынан ауыр жарақат алса да алмай-қажымай еңбек етіп, қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Сол жандардың қатарында нағашы атам Сәрсенбаев Оразбай да бар еді. Ұлы Отанды жаудан азат ету жолында майдан даласында

ерлікпен соғысқан атам ұлы жолдағы борышын аман-есен өткерді...

Батыр бабаларымыздың ерлігін бойына дарытып, сара жолын жалғай білген Сәрсенбаев Оразбай 1923 жылы Арал ауданы Ақбасты ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысында ерекше ерлік көрсеткені үшін бірінші дәрежелі “Отан соғысы” ордені, «Германияны алғаны үшін», «Ұлы Жеңіске 20 жыл» және көптеген мерекелік медальдары кеудесінде жарқырап тұратын.

– Омырауындағы медальдардың өзіндік сыры бар. Соғыстың қасіретін, майдан даласындағы жауынгерлердің өмір жолын ерекше суреттеп еске алып отыратын, – дейді жары Күнқияш Қазықызы әжеміз. Біз ол кезде ойын бала- сы болғандықтан атамыздың естелік сөздеріне мән беріп, құлақ салып тыңдамаппыз. Тек есте қалғаны әр жыл- да 9 мамыр Жеңіс мерекесі күні алыс-жақыннан ағайын- туыстар, жора-жолдастары, елге белгілі азаматтар атамды

құттықтап келетін. Майдангер жауынгер 1974 жылы дәл Жеңіс күні дүниеден өткен еді. Бұл күнді ол асыға күтетін.

– Оразбай ағамыз ел арасында өзінің қарапайым бол- мысымен сыпайы парасаттылығымен, үлкенге ізетті, кішіге қамқор болуымен ерекшеленетін. Азулы, асау айғырды ырығына бағындырып, алыс-жақын ауылдардағы той- томалаққа барып, көкпар-бәйгенің көрігін қыздыратын. Білімі мен білігі, тәжірибесі мол ағамыздың ақыл-кеңесін алуға шаңырағына жиі бас сұғатынбыз, – дейді, бүгінде көзі тірі, етене жақын араласқан інілері мен ауылдағы ақсақалдар Тәрбиелі әулеттен өсіп-өнген ұрпақтары еліне қызмет етуде. Балалары мен қыздары Марал, Үкібай, Гүлмира, Жаксыбай, Бақытгүлден тараған немере- шөберелері бүгінде бір қауым ел болған.

Ен бастысы, майдангер аталарымыз бен кеудесін окқа тосқан боздақтарымыздың есімі мәңгі ел есінде қалатынына сенемін. Біздерге осындай бейбіт заман сыйлаған барлық ардагер аталарымыз бен әжелеріміздің алдында бас иеміз.

Гүлзат ҚАРШЫҒАҚЫЗЫ.
Қызылорда қаласы.



*Асылдан қалған көз еді,
Батырдың нағыз өзі еді.*

(Ел аузынан)

Кейден ерді кім білген?
Аңыз қалған артында.
Көрген жаулар түңілген,
Пана болған халқына.

Самарқанның қасында,
Қараша таудың басында.
Кейден батыр тұрыпты,
Алыптармен айқасып,
Талай жаумен шайқасып,
Даңқы кеткен алысқа.

Алып екен алыптан,
Толағай күш дарытқан.
Елін қорғап жаулардан,
Батырлығын танытқан.
Жауы кеткен көп еді?!
Көп болғанмен жаулардың,
Күші оған жетпеді.

Жау қылышы өтпеген,
Атса да оғы өтпеген.
Қырылған сайын кектенген.
Қырылған сайын қорланған,
Күші жетпей зарланған.

Бұрынырақ Самарқанды,
«Қызылбастар» жаулап алған-ды.
Халықты тонап, жәбірлеп,
Мейманасы толған-ды.

Содан Кейден батырға,
Халық келіп шағынған,
Озбыр жаудан құтқар деп,
Ханы да келіп жалынған.

Қанішер жаулар қызылбас,
Ел алдында ызылмас.
Қыз-келіншекті бұзды рас,
Қорлығын жаудың көргенде,
Қандары қайнап қызды рас.
Дүние-малды тонауға,
Құлдыққа салып қанауға,
Жау тағы келе жатыр, - деп,
Жасақты жауға не етеміз?
Боламыз ба бодан дегенде,
Кейден батыр сөйледі:
Айналайын, халқым-ау,
Ұйымдасу салтың-ау,
Ұйымдасып келген соң,
Түсіндім сөздің парқын-ау.

Артымнан ерсін аз сарбаз,
Керегі жоқ жасақтың,
Аз сарбазға қару бар,
Самарқанда жасаттым.
Жау келсе жеткіз хабарын,
Қараша таудың басынан,
Жасанып келген жаулардың,
Жайратамын жасағын,
Қуат алып жасыннан...

Айлар мен күндер өткенде,
Жау хабары жеткенде,
Қос сарбаз ертіп қасына,
Межелі жерге өткенде.
Таудың ішін таптаған,
Жауларды көрді қаптаған.

«Ой- ой, батыр, ой батыр,
Ойыннды кой батыр,
Қашайық», - дейді бір сарбаз.
Кейден батыр ақырып:
«Не айтып тұрсың ей, сабаз?!
Қашар болсаң өзің қаш!
Жау қанын судай шашамын,
Қаншама болсын қызылбас.

Қылышым аман тұрғанда,
Жүрегім шошып мызғымас.
Бата берген халқыма,
Берген сертім бұзылмас.»

Батыр тағы сөйледі:
«О, тәңірім, қолда, - деп,
Құстай ұш, - деп пырағым.
Табаның сірә таймасын,
Асырман жаудың айласын.
Тасқа тисе мүжілмес,
Тауда катқан тұяғың.»

Соны айтты да ұрандап,

Жүйткіте шапты пырағын.
Екпінінен пырақтың,
Алапат дауыл тұрады.
Алай-дүлей шаңынан,
Жаулардың көзі тұнады
Тұңғаны емей немене?
Бір аттыны бір атты,
Көруге зар болады.

Сол кезде батыр қылышын,
Оңға да, солға сілтейді.
Қырылғаны қырылып,
Бет алды қашып жүр кейі.

Бір сәтте шаң басылып,
Аспан шайдай ашылып,
Маңайға батыр қарайды.
Жобалап жауды санайды.
Аз емес екен әлі де,
Қарамай олар әліне,
Батырға қарсы шабады.
Найзаларын шошайтып,

**Әкім Мейірбекұлы,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

КЕЙДЕН БАТЫР

(Дастан)

Тап береді батырға.
Кейден ашу шақыра,
Күшімді, - деп – байқасын,
Жалғастырды шайқасын.

Батыр сонда сойлейді:
«Ей қызылбас, қызылбас,
Бірің кел, мейлі жүзің кел!
Қылышымның жүзін көр!
Шаншып та көр, шауып көр!
Найза мен қылыш өтпесе,
Жаннан күдер үзіңдер», - дегенде,
Намыстанды қызылбас:
«Жалғыз жау қалай қырды - деп,
Соғыспай қалай қайтамыз.
Елге барып бұл істі,
Ұялмай қалай айтамыз» -
Деп қызылбастар қорланды.
Туларын қайта қолға алды.

Қашқандары жиылып,
Өздерінше сиынып,
Кейден батырды қоршады.
Найзалары бірақ майырлды,
Қылыштарының жүзі кайырлды.
Оқтары өтпей Кейденге,
Айласы жетпей жаулардың,
Амалдары таусылып,
Ақыл-естен айрылды.

Қызылбастардың қолбасы,
Алдына келіп Кейденнің,
Батырға басын иеді.
Сөйтіп о да сөйледі:
«Қаруымызды тастаймыз,
Жерінді енді баспаймыз.
Рұқсат бер о, батыр,
Соңғы сөзді айтамыз.
Елімізге қайтамыз»...

Кейден батыр мәрт еді,
Жүректе мейрім бар тегі.
Қалғаны мейлі қалсын - деп,
Жеңілдік жауға жасады.
Аман қалған қызылбас,
Көрмегеніміз Самарқан

болсын – деп,

Таулардан әрі асады,
Еліне қарай қашады.

Батыр бір кез есіне ап,
Қос сарбазына барады.
Тапсырған жерде тұрғаны,
Көңіліне медет болады.
Екеуі де көңілді,
Кейденге сүйсіне қарады.
Батыр сонда сөйледі:
«Зор санаған өздерін,
Көрді жауды көздерін.
Енді жаулар ентелеп,
Жерімізді баспайды.
Бейбіт жатқан халқымның,
Құты енді қашпайды.

Рахмет, сарбаздар,
Үйлеріңе қайтыңдар.
Халайыққа сұраған,
Болған жайды айтыңдар»-
деді де батыр қоштасып,
Тұрағына бет алды.

Қараша таудың басында,
Бұлт жетпейтін асуға,
Пырағы зулап барады.
Хас батырдың соңынан,
Қос сарбаз сүйсіне қарады.

Баспанасы батырдың,
Шыңның ұшар басында,
Қырандардың ұясы болатұғын
қасында.

Үш «балапаны» бар еді,
Қыран құспен ойнаған.

Қыран болып өссін деп,
Тау басын батыр жайлаған.

**Әкім Мейірбекұлы,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

Балалары қасында.
Бұлт та жете алмайды
Ондағы биік асуға.
Жалғыз емес ол батыр,
Балалары жастау расында.
Қыраннан қыран туса егер,
Тыныштық болмас басында.
Ақыл айтар қарттар» - деп,
Пасық бай әзер басылды.

Хан ойланды, толғанды,
Өзгеге ақыл қос деуге,
Хан басымен қорланды.
Ел іші алтын кеніш қой,
Ондай қарт бар – тын расында.
Көңіліне күдік ұялап,
Қарттарды ойына алмады.

Жамандықты табуға
Шебер дейтін бір мыстан,
Астыртын оны іздетіп,
Жаймауға сырды тырысқан.

**Әкім Мейірбекұлы,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

КЕЙДЕН БАТЫР



Хан тапсырма берген соң,
Уәзір айлап, апталап,
Сол мыстанды іздеген.
Аралады тау ішін,
Жүрді елсіз күзбенен.
Аты арыды тұралап,
Сонда да күдер үзбеген.

Өзі де азып, арыды,
Қар ызғары қарыды.
Жыртылып етік тозғанда,
Естілді өзен сарыны.
Жете алмай сол өзенге,
Келді асу кезеңге.
Уәзір шаршап құлады,
Ұйқыға батты, тез енді.

Түн жарымы ауғанда,
Ай жарығын төгеді,
Дөңкиіп жатқан уәзірді,
Мыстан келіп көреді.

Ұшырайын деп зәресін,
Артынан келіп тебеді.
Уәзір шошып оянып,
Мең-зең болып отырып,
Хан сәлемін айтады.

Сонда мыстан каркылдап,
Текелей даусы баркылдап,
Сілесі қатып күледі.
Уәзір шошып тұр еді.

– Ханың қандай ақымақ?
Жай нәрсені білмесе,
Халқын қалай басқармақ?!
– Таулар бар ма елінде?
– Қараша тау бар басы бұлт.
– Айдаһар бар ма жерінде?
– Бар, ия, бар...
Жүр ол қазір басынып.
– Жүрсе айдаһар құтырып,
Айқастырсын екеуін.
Қалады сонда ханыңыз,
Екеуінен де құтылып.
Алады алғыс халқынан,
Ақымақ ханға айта бар!

Сыйлығын берсін алтыннан!...
Сыйлығын берсін алтыннан!...

Уәзір ханға келгенде,
Хан тыңдап, ұзақ ойланды,
Мыстанның сөзін ойға алды.
Кейденмен сосын жүздесті,
– Қиналып жүрміз біз – десті.
Айдаһар бар күніне,
Жұтатұғын бір қойды,
Бар көрінді қызда ойы.
Құртуға оны көмек бер,
Қиналып жатқан халқымның,
Көңілін батыр демеп көр.
Құтқарсаң сол тажалдан,
Ат басындай алтын бар.
Алтынды сыйға аласың.
Уәде құдай аты деп,
Жасай бер істің шарасын...

Дүниемен өлшеген,
Жақтырмай ханның санасын.
Кейден батыр сөйледі:
«Ағат айтпа хан, тақсыр,
Халқыма ғана қарызбын.
Мақсат емес дүниен,
Халқыма қызмет парызым»-
Деді де батыр қаймықпай,
Айдаһарға барады,
Апандай інге қарады.
Дүсірлетіп пырақпен,
Інді айналып шабады.
Тереңде жатқан айдаһар,
Ашуланып, долданып,
Апананн басын шығарып,
Ысқырығын шалады.

Іннен шыққан сәтінде,
Қылышын ұстап көлденең,
Қақ бөліп ішін жарады.
Атылып шыққан ыстық у,
Бойына ердің тарады.
Ұзамай удан өлем,- деп
Үш баламды көрем,-деп
Балаларын алдырды...

Кейденнің жайын есіткен,
Келді Алты – ата ағайын.
Батырдың атақты әкесі
Қараша кеткен келмеске.
Бұйрығы жетсе Аллаһтың
Хан да болса өлмес пе?
Қарашаның ағасы
Сүйінбайдан Жәни бар,
Сүттібайдан Қырғызәлі,
Алтылғар.

Байқошқардың Ақмырзасынан,
Батырлар Ақболат, Қайрағы.
Келді де ханға жолықты,
Ханның сөзі кереғар.
Сөзінен оның соны ұқты.
Хан шешенсіп сайрады,
Сайрағаны емес пе,
Уәдесінен тайғаны?

Ат басындай алтынды,
Аузына да алмайды.
Аңсап келген ағайындар,
Тілеуін тілеп үш ұлдың,
Қайтар жол қамын қамдайды...

Кейден батыр мәйітін,
Алып қайтамыз дегенде,
Нұрата халқы көнбейді.
Өзіміздің батыр деп
Ақ жауып, ақ арулап,
«Майбұлаққа» жерлейді.

Есіне алып Кейденді,
Батыр деп, әрі әулие деп,
Құрметтеп оның әруағын,
Зияратқа жиі келеді.
Келгендер Кейден өлтірген,
Қорымда жатқан,
Тас болып катқан,
Айдаһардың - тажалдың,
Сұлап жатқан сұлбасын,
Қызықтап әркім көреді...


Жырға айналған Кейденнің,
Есімі елге еленіп,
Ерлігімен даңққа бөленіп.
Аты аңызға айналған,
Асылдан қалған көз екен,
Батырдың нағыз өзі екен!

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 17.07.2015 жылы № 5065 тіркелген

Қ.ҚОШЕРБАЕВ.

[illegible]

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	315	1
Жаңақорған ауданы	68	2
Қармақшы ауданы	61	3
Шиелі ауданы	25	4
Жалағаш ауданы	24	5
Қазалы ауданы	23	6
Арал қаласы	15	7
Сырдария ауданы	13	8
Қазалы қаласы	7	9
Арал ауданы	6	10



КӨЛІК САЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Коғам даму тартқында еш бір мемлекет салыксız өмір сүрген емес. Себебі, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекетке белгілі бір ақшалай қаражат көзі қажет, ал олар тек қана салықтар арқылы ғана жүзеге асырылады. Салықтар мемлекеттік бюджеттің негізгі кіріс көзі болғандықтан, оның уақытында және толығымен мемлекет қазынасына түсіп отыруы қазіргі нарықтық экономикадағы күрделі де өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Белгілі философ Фрэнсис Бэкон «салықтарды төлеу әрбір азаматтың қасиетті борышы» деген еді. Бірақ соған қарамастан салық төлеушілердің бір бөлігі салық төлеуден жалтаруға тырысады. Салықты төлеуден жалтарту – салық төлеушімен толық немесе ішінара төлеу емес. Азаматтың салық төлеушінің салық салу объектісін (табысты, пайданы, тауар айналымы, мүлікті) әдейі жасыруы және азайтуы. Салық төлеушілердің салықтар, алымдар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы төлеуі, салықты төлеуден жалтартуы салықты заңсыз із-ерекеттері мемлекет мүддесіне айтарлықтай нұқсан келтіреді: мемлекеттік бюджет әлдебір қаражаттары ала алмайды, салық заңнамасын бұзушылардың қосымша криминалдық көздері жа-салынады.

Салықтан жалтарту әдетте салық объектісін жасыру, салық базасын төмендету секілді басқа да жолдармен салық органдарына табыстардың көлеміне мүліктің бір бөлігі туралы мәлімет беруден бас тартуға келіп-тіреді. Сонымен, салық төлеуден жалтарту (қауі) дегеніміз – салық, қаржынақтар және басқада төлемдер түріндегі бюджетке міндетті төлемдердің мөлшерін төмендетуге немесе мүлдем жоюға бағытталған, салық төлеушілердің мақсатты бағытталған із-ерекеттері. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларында мұндай заңна-қарары әрекеттері үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер қарастырылады.

Боримізге белгілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.08.2014 жылғы №933 Қаулысына сәйкес ҚР ҚМ Салық комитеті мен ҚР ҚМ Кенедік бақылау комитеті біріктіріліп, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті болып қайта құрылған.

Жаңа құрылымның қызметінің негізгі бағыттарының бірі бұл салық, кеден, қаржы саласындағы және «көлемкей» экономика саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші Экономикалық тергеу қызметі болып табылады.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Экономикалық тергеу қызметі салық саласындағы, оның ішінде салық төлеу және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлеуден жалтарту бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау мен шекерелеуде біршама жұмыстар атқаруда.

Атап айтқанда, Департаменттің салық және кеден салаларындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасымен 2015 жылғы 5 айында аталған санаттағы қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісі жүргізілген заңды тұлғалармен мемлекеттік бюджетке келтірілген салықтық залал сомасы - 1 млрд 541 млн. теңгені қураған, соны қаржы толығымен бюджет пайдасына өндірілді. Бұл дегеніміз, Департаменттің салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтарту мен күресуе бағытталған жұмыстардың бір бөлігі ғана.

Сол себепті облыс және қала көлемінде кәсіпорлікпен айналысатын кәсіпорлік субъектілерін бизнес жүргізу барысында адалдықа және заң бұзушылықтарға жол бермеуге шақырамыз, өйткені Конституцияға сәйкес салық төлеу әр азаматтың, тұлғаның борышы мен міндеті бо-лып табылады.

Е.ЗЕЙНШЕВ,
Қызылорда облысы бойынша МКД Экономикалық тергеу қызметі Салық және кеден салаларындағы құқық бұзушылықтарды тергеу басқармасының басшысы.

Жанакорган ауданы бойынша «Мағжан», «Заңгар», «Сырдария», және «Нұрасыл» дүкендерінде үн – 66-78, нан – 40-50, өсімдік майы – 200-250, картоп – 60, бас пияз – 70, қырыққабат – 65-70, сәбіз – 120-125, тауық еті – 400-430, жұмыртқа – 80-90 теңге болса, «Нұр» базарында ет келісінің бағасы – 1050, жұмыртқа – 90, жуа – 75, сәбіз – 125, картоп – 65, қырыққабат 70 теңгеден сатылады.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» Кодексінің 369 бабына сәйкес жеке тұлғалардың көлік салығы бойынша салық төлеу мерзімі салық кезеңінің 31 желтоқсанына дейін деп белгіленген.

Республикасы Конституциясы-
ның 35-бабына сәйкес Занды түрде
белгіленген салықтарды, алымдар-
ды және өзге де міндетті төлемдерді
төлеу әркімнің борышы әрі міндеті
болып табылғанымен, кәзіргі таңда
жеке тұлғалардың салық салу
объектілері ретінде тіркелген көлік
құралдарына, көлік салығы бой-

Осыған орай, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Қызылорда облысы әкімінің

Осы бағытта Қызылорда қаласында тіркелген автокөліктерден көлік

саалығы бойынша түсетін түсімдердің жергілікті бюджетке уақытылы және толық түсуін қамтамасыз ету мақсатында 15.05.2015 жылғы Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, Қызылорда қалалық әкімдігі, Қызылорда облысы бойынша ішкі істер департаменті әкімшілік полиция басқармасы, Қызылорда облысы бойынша көлікті бақылау инспекциясымен қоса автокөліктерді техникалық байқаудан өткізу орындарымен бірлесіп жасалған автокөліктердің техникалық байқаудан өту барысында міндетті түрде автокөліктің ағымдағы жылға көлік салығының толық төленгендігі туралы төлем түбіретгі Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан расталған

нұсқасымен және салық төлеушінің салықтан босатылғандығы жөнінде анықтамаларын талап ету жұмыстарын ұйымдастырылуын бақылау жасау бойынша іс шара жасалды.

Аталған іс шараға сәйкес кезіргі

таңда Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы мен Қызылорда облысы бойынша ішкі істер департаменті әкімшілік полиция басқармасымен бірлесе отырып қала бойынша көлік салығынан жалтарған тұлғалардың автокөліктерін тоқтату арқылы көлік салығын уақытылы төлемеген салық төлеушілерге тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Осымен қоса, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан көлік

Сонымен қатар, сот шешімі негізінде сот орындаушылардың

КАЗКОМ мен БТА – енді біртұтас

Қазақстанның банк секторында биылғы жаздың маңызды оқиғасы жүйе құрушы банктер – БТА мен Казкомның көптен күткен бірігуі болды. БТА акцияларының мемлекеттік пакетін жеке инвесторлар сатып алғаннан кейін бір жылдан соң Казком басшылығы екі қаржы институтының бірігу процесінің аяқталғандығын хабарлады. Бұл процестің қалай өткендігі және бүгінгі күні Казком қандай деңгейге көтерілгендігі жайлы Қызылорда филиалының директоры Қайрат Джусаруб әңгімелейді.

- Қайрат Әділханұлы, Сізді бірігудің аяқталуымен құттықтауымызға болады деп ойлаймын?
- Рахмет! Сөзсіз, Казком мен БТА сияқты жүйе құрушы банктердің бірігуі – Қазақстанның банк секторы ғана емес, ТМД және жақын шетел аумағында да ауқымы және қиындығы жағынан теңдесі жоқ жоба болып табылады. Оның іске асырылуына банктермен қатар, мемлекеттік органдардың – Үкімет, Ұлттық Банк, Парламент өкілдері де жұмылдырылды, себебі қаржы институттарының бірігуі заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етті. Казком мен БТА-ның бірігуінің аяқталуы көптеген банк мамандарының ортақ жұмысының қорытындысы болды, олар клиенттеріміз үшін осы бірігудің еш кедергісіз өтуі үшін бар күштерін салды.
- Екі банктің бірігуінен Казком мен БТА клиенттері қандай артықшылықтарға ие болмақ?
- Біздің клиенттер еліміздің ең ірі әрі

ең сенімді банк қызметтерін пайдалану мүмкіндіктеріне ие болды. Әрине, Казком БТА-мен біріккенге дейін де көшбасшы банк болатын, дегенмен бүгінгі күні активтерінің көлемі жағынан Қазақстанның банк нарығының ширек бөлігіне ие болды. Сонымен қатар Казкомда филиал желісі екі есеге – бүкіл Қазақстан бойынша 300 бөлімшеге дейін артты, ал банкоматтар желісі еліміздегі ең ірі желі болып табылады және 2200 құрылғыны құрады. Мұндай қызмет көрсету географиясының маңызды кеңеюі еліміздің әртүрлі аймағында Казкомның қаржы қызметтеріне қолжетімділікті арттырды.

Депозиттерді тарту тиімділігі бойынша біздің желі бірінші орынға ие болды: бүгінгі күні әрбір үшінші қазақстандық өз жинақтарын бізге сеніп тапсырады. Сондай-ақ, екі банктің күшті жақтарының бірігуі есебінен біздің өнімдер мен қызметтер барынша өсті. Біз, депозиттер мен кредиттер бойынша шарттарды жақсарттық, жақын арада жаңа кредиттік және карточкалық

- өнімдер іске қосылады. Бүгінгі күні, БТА клиенттері Казкомның заманауи интернет-банкінгі – Homebank, сондай-ақ заңды тұлғаларға арналған Online banking пайдалана алады. Басқа сөзбен айтқанда, БТА-мен бірігу нәтижесінде Казком кең бөлімшелер желісімен және заманауи өнімдер мен қызметтер желісімен көшбасшы банк атанды.
- БТА мен Казкомның проблемалық активтерімен не болды?
- Екі банк арасындағы активтер мен міндеттемелерді алмастыру процедурасы аясында Казком өзінің проблемалық активтер бөлігін БТА-ға берді. Өз кезегінде, БТА-дан Казкомға бүкіл «салауатты» кредиттік портфель өтті. Осылайша, әртүрлі мәселелермен екі ұйым қалыптастырылды. Казком стандартты банк қызметімен айналысады, ал БТА банктік лицензиясын өткізгеннен кейін активтерді қайтару бойынша жұмыстармен айналысатын мамандандырылған ұйымға қайта құрылады. Бұл ретте, БТА мен Казкомның бірікпейтіндігін айту қажет, осының аясында Казкомға тиесілі БТА-ның акциялар пакеті Казкомның екі акционеріне сенімді басқаруға берілді. Олай болса, Казком мен БТА акционерлері ортақ компаниялар болып табылады, бірақ олардың қаржылық есептіліктері шоғырландырылмайды.

Казкомдағы жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейін азайту бойынша

ҰЛТТЫҚ ЖЕРСЕРІКТІК «ОТАУ TV» ТЕЛЕРАДИОХАБАР ТАРАТУ ЖЕЛІСІ АБОНЕНТТЕРІНІҢ САНЫ 900 МЫҢНАН АСТЫ

2015 жылдың 14 шілдесіндегі мәлімет бойынша, «ОТАУ TV» Ұлттық жерсеріктік телерадиохабар тарату желісі абоненттерінің саны 914 мыңнан асты, деп хабарлайды ҚР Телерадиохабар тарату саласындағы Ұлттық операторы «Қазтелерадио» АҚ өкілдері. Яғни 3,6 млн қазақстандық отандық және шетелдік телеарналарды цифрлық сапада тамашалауда деген сөз. Оның 144 320 үй шаруашылығы Қызылорда облысының үлесінде, демек «ОТАУ TV» қызметін аумағымыздағы 282 елді мекенде Қызылордалық пайдаланады деген сөз.



Жерсеріктік телехабар тарату жобасын ендірген алғашқы жылдары «ОТАУ TV» әсіресе ауыл тұрғындарының арасында сұранысқа ие болды, олардың үлесі 2011-2012 жылдары 90 пайыздан асқан болатын. Өйткені қалаларда кабельдік және эфирлік аналогтық телехабар тарату желілері жақсы дамыған, ал ауыл тұрғындары ол кезде ары кетсе 4 телеарнаны ғана тамашалай алатын. Осыған байланысты жобаның мақсаты – қала мен ауыл тұрғындарының арасында акпараттық теңсіздікті азайту болатын. Ал енді бұл мақсат орындалған соң «ОТАУ TV» қала тұрғындарының арасында да танымалдыққа ие бола бастады. Мәселен, 2011 жылмен салыстырғанда қалалық абоненттер үлесі 10 пайыздан 40 пайызға дейін өскен. Ұлттық жерсеріктік телерадиохабар тарату желісінің өзге операторлармен салыстырғандағы басты артықшылықтары – телебағдарламалардың тегін топтамасы мен желіге республикамыздың кез келген нүктесінен қосылу мүмкіндігі.

Қазақстанда жерсеріктік телехабар тарату желісі 2002 жылы «Кателко+» сауда белгісімен қосылған болатын. Ал 2011 жылдың қаңтар айында Қазақстанның жерсеріктік желісі хабар таратудың DVB-S2, MPEG-4 цифрлық стандартына көшіп, «ОТАУ TV» деген сауда белгісімен іске қосылды. Жаңа стандартқа көшкен кезде абоненттер саны 6300-ді құраған, содан бері бұл көрсеткіш қарқынды түрде өсіп келеді, әрі 1 млн деген санға жақындап та қалды. Жоба халыққа отандық телерадиоарналарды цифрлық сапа мен бейнеде тамашалауға мүмкіндік берді. Айта кетерлік жәйт, желі іске қосылғалы бері «Базалық» тегін топтамасының құрамындағы арналар саны 38 теле-, және 7 радио арнадан 40 теле-, және 14 радиоарнаға дейін артты.

Осындай қысқа мерзім ішінде «Қазтелерадио» АҚ бірқатар міндеттерді атқарып тастады. 2012 жылдың шілдесінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Цифрлық эфирлік телехабар тарату желісі іске қосылды. Бүгінгі таңда республика халқының 72 пайызының цифрлық эфирлік желіге қосылуға мүмкіндігі бар, ал бұл 12 миллион Қазақстан азаматы.

2014 жылдың шілде айында Индустриализация күні

екінші маңызды қадам Казкомға 10 жыл мерзіммен сомасы 250 млрд. теңге депозит орналастырған мемлекеттік Проблемалық кредиттер қорымен жасалған мәміле болып табылады. Бұл қаражаттар Казкомның кредиттік портфелінің одан әрі өсуін қамтамасыз етеді. Осылайша, Казком балансындағы жұмыс істемейтін кредиттер деңгейін 14,6% дейін төмендетуге қол жеткіздік, бұл Ұлттық Банкінің нормативтеріне сәйкес келеді.

- Болашақта қандай мақсаттарға қол жеткізуді жоспарлайсыз?
- Казком мен БТА-ның ауқымды бірігуі жұмысын аяқтап, дамудың жаңа кезеңіне өтеміз. Проблемалық кредиттер қорынан орналастырылған депозитті және ипотеканы қайта қаржыландыруға бөлінген 38 млрд. теңге көлеміндегі шартталған салымды қоса алғанда, бірнеше еттгі мәмілелер жасау арқасында Казком ұлттық валютада қаржыландыру жағынан еліміздегі бәсекеге қабілетті банк атанды. Бұл бізге бизнесті одан әрі дамытуға ауқымды мүмкіндіктер береді. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып, біз, шетел компанияларына, ұлттық холдингтерге, ірі корпорацияларға, аймақтық бизнес өкілдеріне және бөлшек бизнес клиенттеріне қызмет көрсетуді қоса алғанда, клиенттермен ынтымақтастықты белсенді дамытуды жоспарлап отырмыз. Талғампаз клиенттердің сұраныстарын қанағаттандыруға ұмтыла отырып, біз, оларға корпоративтік деңгеймен қатар, осы компаниялардың қызметкерлеріне де есептелген жаңа қызықты әрі тиімді өнімдерді ұсынатын боламыз.



М.ӨТЕМИСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

БҚМУ – БҰЛ УАҚЫТПЕН СЫНАЛҒАН САПА, БОЛАШАҚҚА БАСТАР ТАБЫС КІЛТІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті (Орал қаласы) «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» әлеуметтік жобасы бойынша Қазақстан аймақтарының (Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары) талапкерлерін келесі мамандықтар бойынша арнайы бөлінген мемлекеттік грантка қабылдайды.

	Шифр	Мамандық
1	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
2	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
3	5B010900	Математика
4	5B011000	Физика
5	5B011100	Информатика
6	5B011200	Химия
7	5B011300	Биология
8	5B011400	Тарих
9	5B011600	География
10	5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
11	5B011900	Шет тілі: екі шет тілі
12	5B072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы
13	5B072000	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
14	5B070300	Ақпараттық жүйелер
15	5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

БҚМУ-дың артықшылығы:

- мемлекеттік ЖОО;
- кадрларды дайындауда 80 жылдан астам тәжірибе;
- жоғары білікті оқытушылар, түлектер және қызықты әрі болашағы жарқын, сұранысқа ие мамандықтар;
- 1000-нан астам компьютерден тұратын қаладағы ірі компьютерлік кешен, лимитсіз интернетке локальдық жүйемен біріктірілген мультимедиялық кластар;
- 1 млн-нан астам кітап сақтау қоры бар ғылыми кітапхана;
- 3 студенттік жатақхана

БҚМУ-дағы оқу – бұл:

- әлем бойынша 60 университетпен серіктестік;
- 6 ғылыми консорциум;
- инновациялық және ақпараттық технологиялар;
- түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
- бакалавр және магистратурадан Phd докторына дейін осу мүмкіндігі;
- Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және АҚШ университеттерімен білім бағдарламалары бойынша студенттер алмасу (академиялық, ұтқырлық);
- ғылыми және оқу тағылымдамалары;
- ғылыми үйірмелер, сайыстар, республикалық және халықаралық олимпиадалар;
- студенттік құрылыс жасағы, «Жасыл ел» еңбек жасағы;
- студенттік театр;
- студенттік заң клиникасы;
- турнирлер, слеттар, дебаттар, КТК.

БҚМУ жетістіктері:

- ИСО 9001:2008 халықаралық сапа сертификаты (2004 ж.);

Орал қаласы. Достық даңғылы, 162. тел.: 8 (7112) 50-44-20. Біздің сайтымыз: www.wksu.kz БҚМУ талапкерлерінің сайты: talapker.wksu.kz



Алдыңғы акцияны қорытындылап бола салысымен, Қазтелерадио келесі шараны бастады. Яғни, 2015 жылдың 1 шілдесі мен 30 қыркүйегі аралығында төлем карталары арқылы «ОТАУ TV»-ге қосылған абоненттер көрсетілімнің қосымша айларын тегін алады. Мысалы, «Элит» топтамасына 6 айға қосылған абонент қосымша 1 ай бонустық көрсетілім иеленсе, 12 айлық қосылу картасын сатып алған тұрғын «Элит» топтамасын қосымша 3 ай тегін тамашалайтын болады.

«ОТАУ TV» желісіне қатысты сұрақтарыңыз болса «Қазтелерадио» АҚ Қызылорда облысындағы Сату орталығына Қызылорда қ-сы, Дүйсенова көшесі, 69Б, тел. 8-7242-254576, 8-7242-551444 ішкі номер 5411 немесе 5418 хабарласа аласыздар.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША АТАҚТЫ БАЛГЕР ӘРІ ҚАМҚОРШЫ

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке және киіміне қарап алып тастады және үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін. Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Отбасымыздың шырқын бұзған әйел жалғыз әрі аурулы болып қалды. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір

АННА

күні әйелім екеуіміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат шашының жұлымын тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Құтқарушы бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім кез

келген әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия әрекеттерді жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Менің құтқарушы Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.



Қазақстанның Халық өмішпегі ассоциациясы (19.03.15 ж. мүнгі №056-К сертификат)

Анна Сіздерді шілденің 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«KAZPETROL GROUP» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабына сәйкес «№1 Карьер (Таур) кен орнында құмды-киыршық тасты қоспаны өндіру үшін өндірістік өңдеу жобасына Қосымша» жобасына арналған қоршаған ортаны қорғау бөлімін мемлекеттік экологиялық сараптамасына келісімге жібереді. **Барлық сұрақтар бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласыңыз: Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1 үй, тел.: 605362.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 28.06.2007 жылғы №204- ө бұйрығымен бекітілген «Көзделіп отырған шаруашылық қызметтерінің қоршаған ортаға әсеріне бағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 53-тармағына сәйкес «KAZPETROL GROUP» ЖШС «№1 Карьер (Таур) кен орнында құмды-киыршық тасты қоспаны өндіру үшін өндірістік өңдеу жобасына Қосымша» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша, жазбаша ескертулер мен ұсыныстарды жинау арқылы қоғамдық пікірді есепше алуды жүргізеді.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау: Желтоқсан көшесі, 42 үй, тел.: +7 7242 907 177.

САТЫЛАДЫ

Жедел түрде 5 бөлмелі, бір жерден жылытылатын жоспарлы үй сатылады. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Өйтеке би көшесі №7(әкімшілік ғимаратының маңы). Байланыс телефондары: 8 777 563 12 69, 8 702 185 65 78.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Исмагулов Талгат Нағашибиевичтің атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі №177 орта мектепті 2005 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 1190331 аттестаты қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Бекболатова Нұргүл Базарбайқызының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №45 «Ақ-Орда» мектеп-гимназиясын 1997 жылы бітіргені жөнінде берілген МОБ №0028013 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС «Батыс Құмкөл кенішіндегі мұнай-газ жинау жүйесі. №№15, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119 ұңғымалардан СП-1 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№18, 109, 110, 112 ұңғымалардан СП-2 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№106, 149 ұңғымалардан СП-3 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№60, 101, 104 ұңғымалардан СП-4 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№100, 102 ұңғымалардан СП-5 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№48, 75, 78, 80, 82, 83, 120, 121, 122, 123, 124, 125 ұңғымалардан СП-6 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. СП-6 спутнигін орнату. СП-6 спутнигінен ТҚ-1 топтық қондырғысына дейін 10» мұнай коллекторын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

«Көлжан» ЖШС Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Батыс Құмкөл кенішіндегі мұнай-газ жинау жүйесі. №№15, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119 ұңғымалардан СП-1 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№18, 109, 110, 112 ұңғымалардан СП-2 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№106, 149 ұңғымалардан СП-3 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№60, 101, 104 ұңғымалардан СП-4 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№100, 102 ұңғымалардан СП-5 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. №№48, 75, 78, 80, 82, 83, 120, 121, 122, 123, 124, 125 ұңғымалардан СП-6 спутнигіне дейін аралық құбырлар тарту. СП-6 спутнигін орнату. СП-6 спутнигінен ТҚ-1 топтық қондырғысына дейін 10» мұнай коллекторын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

САҒЫНЫП ЖҮРМІЗ ӨЗІНДІ



Адам баласы талбесіктен жер бесікке жеткенше тәңірдің сыйлаған өмірінде өзіндік ізін, жолын, бітім-болмысын, ілімін-білімін ұрпағына мәңгілік үлгі-өнеге етіп қалдыруды армандап, сол жолда тынымсыз тірлік кешіп өтеді екен. Әкеміздің бойынан, жүріс-тұрысынан, сөзінен, әрбір қимылынан біз осы қасиеттерді көріп, біліп, сезіп отырушы едік.

Әкеміз Бисенов Серікбай 15 мамыр 1942 жылы Жалағаш ауданы, Аққұм ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді маман көп жыл Сырдария ауданындағы ауыл шаруашылығы са-

ласында басшы қызметте болды. Әкеміз Серікбайдан тараған ұрпақтары өмірден өз орындарын тауып елге лайықты қызмет етуде. Немерелерінің алды жоғары оқу орындарын бітіріп, халық шаруашылығының түрлі сала-сында еңбектенуде.

2010 жылдың 1 тамызында дүниеден өткен, өмірге бергенінен берері мол әкемізді аңсап, сағынып рухына мына жыр жолдарын бағыштаймыз!

Қатал дертке қарсы қойып төзімді,
Қас батырдай ұстай білдің өзіңді.
Қайран Әке, бес жыл болды сағындық,
Қастерлі де, қасиетті сөзіңді.
Асыл Әке, өшпес мәңгі нұр жүзің,
Аспаныңда тұрар жанып жұлдызың.
Аманатқа қалдырған бар ісінді,
Жалғастырып жатыр енді ұл-қызың.

Иманың Алланың нұрына бөленіп, жатқан жерің пейіштің төрі болсын, жан әке.

Еске алушылар: зайыбы, балалары, немерелері, Бисеновтер әулеті.

МКҚК «Ер Төстік» балабақшасының ұжымы балабақша меңгерушісі Тулекова Лиза Ержанқызына анасы

Ұмыттықтың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

СЕРИАЛ МҰҢЫ – КӨПТІҢ ЖЫРЫ

Әңгімемді ауылдағы ағайынның бір мұңына айналып, бар уақытын құртша жеген сериал тақырыбына арнағанды жөн көрдім. Өйткені, теледидардың сәні, халықтың таусылмас әніне айналған сериалдар бүгінде басты назарда. Қазір алыс жамағайынымызды танымасак та, Анандидің ата-жұртын саусақпен санайтын жағдайға жеттік. Әрине, әңгіме тек Ананди жайында емес. Көк сандықты қоссаң болды, қазақша сайраған үнді мен кәрісті, одан қалса түрік ағайындарды көреміз. Күніне бір емес бірнешеуі қатарынан берілетін сериалдардың уақытын да келісіп қойғандай. Бірі бітсе, екіншісі басталып жатады. Құдды теледидарды тек сериал көруге арнап қойған секілдіміз. Басы басталған соң мәні мен сәнін кетірмей тұрғанда аяқталса жақсы. Түріктің Денизін бақандай үш жыл көріп, тауыса алмаған едік. Енді, міне, Үндінің Анандиді оның орнын жоқтатпай тұр. Халық арасында ол жайында әзілдер де аз емес. Үлкен бір әжеміз ұйықтар алдында Анандиді бітіріп барып кетейін деп тілеп жатады екен. Кейде осы сериалдарды түсіру барысындағы режиссердің мақсаты не деп қаласын? Махаббатың мәнін ұқтыру ма, жоқ әлде мазақ қылу ма? Әрине, әр елдің салты басқа. Дегенмен, айлап емес, жыл асырып беріп жататын осы телехикаялардың сапасына сын көзбен қараса дұрыс болар еді. Қай арнаны ашып қалсаң да, түрік, үнді, оған қоса кәріс фильмдері жаулап алған. Бәрінің

жыры – бір махаббат оқиғасы. Махаббат ұлы сезім екеніне дау жоқ. Бірақ, кәріс киноларындағы махаббатты көріп, жағанды ұстайсың. Өзінің анасындай әйелмен көңіл қосып, үйленіп жатса, түрік киноларында апалы-сіңлілі қыздар бір жігіт үшін бет жыртысып, шаңырақтарын шайқалтуда.

Шет елдің киноларын арналарға лықа толты-



ратындай қазақ киносының сапасы сын көтермей ме? Ең болмаса ұлттық арнадан, ұлттық сана мен салт-дәстүрді дәріптеп, өскелең ұрпақтың өн бойына ұлтжандылық қасиетті сіңіретін туындыларды тамашаласақ болмас па еді?

Таусылмас телесериалдарды бергенше, жас жеткіншектердің бойына ұлттық рух сеуіп, қазақы салт-санаға саятын жаңа бағдарламалар ашылса дейсің іштей. Тәулік бойы көргені үнді мен кәрістің



мазақ болған махаббаты. Жастар кімге еліктейді? Кінә кімнен? Жақында Мәдениет және спорт вице-министрі М.Әзілханов «Өзіміздің телехикаяларымыз бен телебағдарламаларымызды түсіріп, арналарымыздан мемлекетіміздің мәдениетін көрсету бағытында жұмыс жасау керек. Қазір осыған байланысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Жақында жаңа жобаларды іске асыруды бастаймыз» деген болатын. Оның мәлімдеуінше, мемлекетімізде қазақ тілінің дамуы үшін әрі қарай жұмыс жасау керек. Ендеше, жаңа бағдарламалар да көп күттірмей көрерменге ұсынылып қалар. Ең бастысы, көрер көзге тәлімі мен тағылымы мол отандық туындылар керек екенін естен шығармаған жөн.

Назерке БАЙДІЛДА,
ҚМУ-дың студенті.

ЖЫР КЕРУЕНІ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай «Нұр Отан» партиясы, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-ның ұйымдастыруымен Сыр елінің өнерлі жастарынан жасақталған «Жыр керуені» жолға шықты.

Сағасы сырға, жағасы жырға толған Сыр өлкесінің атын халықаралық, республикалық деңгейдегі сайыстарда шығарып жүрген өнерлі өрендер туған өлкеге өнерден сый тарту етпек. Шараның басты мақсаты республикалық деңгейде атап өтіліп жатқан айтулы шарамен халықты құттықтай отырып, «Айтыс», «Жыр-терме», «Жазба ақындық өнер» сынды асыл өнерлерді насихаттау мен жұртшылықтың көңілін серпілту. Көшпелі шараның жүргізушісі Халықаралық, республикалық конкурстардың жүлдегері М.Сүгірбай. Қатысушылар қатарында Астана қаласының атынан ақын Н.Бердіқожа, «Шабыт» халықаралық фестивалінің лауреаты С.Жүсіп, Алматы қаласының атынан айтыскер ақын, Жастар сыйлығының иегері М.Айтбай, республикалық ақындар айтыстарының жүлдегері Б.Тілеуболдинова, шырайлы Шымкент қаласының өкілі «Шабыт» халықаралық фестивалінің гранпри иегері Б.Сәрсенхан және де бірқатар өнерпаздар бар. Олар облыстың екі қаласы мен жеті ауданын аралап, бір апта бойы жұртшылықты жырмен сусындатып, әуезді әнмен әлдилейтін болады.

Көшпелі шараның ашылу салтанатына өнер саласында жүрген аға буын өкілдері ақ батасын берді. Айта кетейік, шараны облыс деңгейінде насихаттауда өнердің жанашыры ретінде демеушілік жасап жатқан «Нұкаш 7» ЖШС директоры Н.Ибраев, «Алтын Орда» ЖШС директоры М.Ералиев және «Әділет» студиясының директоры Ә.Байнашовтарға жастардың айтар алғысы шексіз. Аталмыш шараның жабылу салтанаты 31 шілде күні А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өткізілетін болады.

Назерке БОЛАТҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың студенті.

РЕСПОНДЕНТТЕР НАЗАРЫНА!

Кеден одағына мүше елдермен (Ресей және Беларусь, Арменияның қатарына Қырғызстан елі – 2015 жылдың 1 шілдесінен қосылуына байланысты экспорттық-импорттық операцияларды жүргізетін барлық заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар, «Кеден одағына мүше мемлекеттерде тауарлармен өзара сауда туралы есеп» І-ТС айлық нысанын шілде айына тапсыру қажет. Тапсыру мерзімі: әр айдың 3-күні. Сұрақтар бойынша: Статистика департаментіне (Жақаев көшесі, 72) 31 бөлме немесе 26-30-39 телефонына хабарласуға болады.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиеді, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
“Сапа менеджменті жүйесі”
талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті
көзқарасын білдірмейді. “АҚ”-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында
басылды. Қызылорда қаласы,
Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51,
“Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24773

Тапсырыс № 742

Электрондық оқылым – 28 000



Павлодар мемлекеттік
педагогикалық институты

Серпін – 2050
Мәңгілік ел жастары – индустрияға

1500 грант!!!



ПМПИ коды - 517
Қазақстан
Республикасының
педагогикалық ЖОО-лар арасында
Ұлттық рейтинг-2015-те 1 орын!

Дұрыс таңдау жаса –
ПМПИ-ге оқуға түсің!

Басқа жақтан келген
студенттерді
Студенттер үйіндегі орынмен
100% қамтамасыз ету

Педагогика және спорт факультеті

- ✓ 58010100 - Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу;
- ✓ 58010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі;
- ✓ 58010300 - Педагогика және психология;
- ✓ 58012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану;
- ✓ 58050300 - Психология.

Математика және жаратылыстану факультеті

- ✓ 58011000 - Физика;
- ✓ 58011100 - Информатика;
- ✓ 58010900 - Математика;
- ✓ 58012000 - Кәсіптік оқыту;
- ✓ 58011200 - Химия;
- ✓ 58011300 - Биология;
- ✓ 58060700 - Биология;
- ✓ 58011600 - География
- ✓ 58010500 - Дефектология

Филология және тарих факультеті

- ✓ 58011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті;
- ✓ 58012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті;
- ✓ 58011800 - Орыс тілі мен әдебиеті;
- ✓ 58012200 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
- ✓ 58011900 - Шет тілі: екі шет тілі - ағылшын;
- ✓ 58011400 - Тарих;
- ✓ 58011500 - Құқық және экономика негіздері.



8 -8000-80-90-99
Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін

Мир көшесі, 60-үй
55-55-05, 65-16-14